

Педагог

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

1(91)
2026



Нурсұлу
Сейткерімқызы
АЛҚОНЖАЕВА

60
жас



Нүрсүлу Сейткерімқызы ӘЛҚОЖАЕВА



Мұқабда: Әлқожаева Нүрсүлу Сейткерімқызы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының менгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.



Педагог

№1 (91)
(Қаңтар-Ақпан)
(Январь-Февраль)
2026

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Редакциядан

Профессор Н.С. Әлқожаева: ұлағатты ұстаз, білікті ғалым.....3

Д. Нурғалиева

Өмір жолы – өнеге мектебі.....5

Б. Мейірбаев

Құрметті Нұрсұлу Сейткерімқызы!..... 11

Ш. Таубаева

Ғылыми жаңалықтың сабақтастығын жалғастырушы ізбасар..... 12

А. Құсаинов

Білім сапасы – білім беру жүйесін жаңғыртудың басты стратегиясы 14

А. Булағбаева

Общеуниверситетская магистратура кафедрасы: история становления специалиста..... 15

Е. Ишанов

Нурсұлу Алқожаева: педагогика как миссия и духовный ориентир..... 17

А. Мукашева

85 лет кафедре: традиции, достижения и взгляд в будущее..... 19

Б. Әрінова

Ғылым мен білім тоғысуындағы кәсіби шыңдалу..... 21

Қ. Молдасан

Ғылымдағы ізденіс іздері..... 22

Ә. Құдайбергенова

Ғылымдағы дара жол: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы 24

С. Қоңырбаева

Тағылым ордасына тағзым 25

А. Дүйсенбаев

60 жас – даналық пен парасаттың, өмірлік тәжірибе мен кемел ойдың асқақ белесі..... 27

К. Жумабекова

Ескірмейтін естеліктер 29

К. Бижанова

Ұстаздар мектебі: ғылыми ізденіс пен тәрбие сабақтастығы..... 31

М. Мурзагулова

Ғылым мен адамгершілікті қатар ұстаған тұлға 33

А. Масымбаева

Бірлік пен біліктілік тоғысқан орта 35

Д. Нурғалиева

Иман – жүрек нұры, имандылық – өмірлік ұстаным 36

С. Рамазанова

Ізгілік жолымен... 38

Д. Байдалиев

Заманауи білім беру мен ғылымда дамытудағы ұстанымдар!..... 39

М. Атем

Ұстаз – өмірлік бағдар беруші тұлға 40

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, п.ғ.к., профессор м.а.

Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылыми еңбектері 43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде

15.02.2010 ж. Астана қаласында

тіркеліп, №10712-Ж куәлігі

берілді.

Басуға қол қойылды

24.02.2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Журнал <<RADO Print>>

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,

кеңсе 411А

Жауапты хатшы:

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:


Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.


А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.



Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Главный редактор:

Гулжанат КУСТАНОВА

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 24.02.2026 г.

Печать офсетная.

Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Журнал напечатан в типографии <<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

Ответственный секретарь:

Акнур ОЛЖАЕВА

Дизайн и верстка:

Нұрзат РАЙМКҰЛОВА

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртекті түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



ПРОФЕССОР Н.С. ӘЛҚОЖАЕВА: ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, БІЛІКТІ ҒАЛЫМ

ӘЛҚОЖАЕВА Нұрсұлу Сейткерімқызы 1966 жылы 25 ақпанда Алматы облысы, Абай ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы Аққайнар (Прудки) аулының Т. Бокин атындағы орта мектебін бітірген. 1984-1989 жылы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің тарих факультетінде оқып, бітірген. Отбасылы, бір ұл, екі қызы бар.

Әкесі – Әлқожаев Сейткерім Арысбекұлы – 1942 жылы туылған, 2019 жылы дүниеден өтті, қажы болған.

Анасы – Мусаева Мәрихан Сатыбалдықызы 1943 жылы туылған батыр ана.

Нұрсұлу Сейткерімқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Педагогика Ғылымдар Академиясының Академигі.

Еңбек жолы:

1989-1993 Абай атындағы МАОЖБТ мұражайда аға ғылыми қызметкер;

1993-1995 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің Қазіргі заман Қазақстан тарихы кафедрасында аға лаборант;

1995-1997 Алматы облыстық заң және экономика колледжінің директоры;

1998-2012 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында аға оқытушы, 2010 жылдан бастап доцент;

2012-2018 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті деканының оқу-әдістеме-



*Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті
Педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының
меңгерушісі, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а.
ӘЛҚОЖАЕВА Нұрсұлу
Сейткерімқызы 60 жаста!*

лік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

2019 жылдан қазірге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультетіндегі педагогика



және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі.

2001 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеялар» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осы жылдан бастап аға оқытушы, кейіннен доцент, профессор м.а болып келеді.



2012 жылдан 2018 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылдан педагогика және білім беру менеджменті кафедрасына меңгеруші қызметін атқарып келеді.

Еліміздің жоғары білім мен ғылым саласының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген беделді ғалым, отандық педагогика ғылымының қалыптасуы мен өркендеуіне айрықша еңбек сіңірген тұлғалардың бірі — өзісіне адал, талапшыл әрі жаңашыл ғалым-ұстаз **Нұрсұлу Сейткерімқызы**.

Ғалымның педагогика саласындағы ғылыми мұрасы ауқымды. Бүгінде оның 300-ге жуық ғылыми еңбектері жарық көріп, отандық жоғары білім

беру жүйесінің дамуына қызмет етіп келеді. Атап айтқанда, «Педагогика» оқулығы, «Жоғары мектеп педагогикасы», «Педагогикалық менеджмент», «Иман тәрбиесінің негіздері», «Әлеуметтік педагогика», «Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы» және басқа да оқу құралдары мен ғылыми еңбектері ұлттық ғылыми қорды байытып, маман



және кадрларды даярлауда маңызды рөл атқарып отыр.

Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылыми зерттеулерінде қазақ қоғамындағы тіл мен діл мәселесі, имандылық тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, ел тағдырына қатысты өзекті тақырыптар кеңінен қамтылып, терең ғылыми тұжырымдар жасалған. Бұл еңбектер отандық руханияттың дамуына қосылған сүбелі үлес болып қана қоймай, жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға, қоғамдық сананы жаңғыртуға берік негіз қалайды.

Осы орайда, **Нұрсұлу Сейткерімқызын** ғылыми-педагогикалық қызметіндегі елеулі жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, ғылым мен білім жолында толағай табыс, шығармашылық шабыт, мықты денсаулық және жана биіктер тілейміз.



Өмір жолы — өнеге мектебі

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың естелігінде «Ұстаздық – ұлы нәрсе» деп жазылғаны бекер емес. Себебі, педагог мамандығының қоғамдағы орны мен рөлінің өзіндік ерекшелігі бар. Дәстүрлі түсінік бойынша «алғашқы ұстаз» дегенде көпшілік білім алушыға әріп танытып, алғашқы сауатын ашқан бастауыш сынып мұғалімі деп біледі. Дегенмен де, ана тұлғасы баланың сөйлеу дағдыларының, мінез-құлқының, эмоционалдық мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал етіп, ана сүтімен бірге берілетін ұлттық және адамгершілік құндылықтар – тұлғалық дамудың іргетасын құрайтыны бәрімізге мәлім. Сондықтан АНА – баланың ең алғашқы табиғи әрі рухани ұстазы, жанындағы бәйтерек – әкенің тұлғасы, баланың дүниетанымын кеңейтуге, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, мінезінің орнығуына және әлеуметтік рөлдерді меңгеруінде елеулі үлес қосып, ата-ана баланың алғашқы ұстазы ретінде танылады.



Мектептегі кішкентай Нұрсұлу

Бүгінгі мерейтой иегерінің өмір жолында, микро-, мезо-, макро- және мегафакторлардың ықпалын ғылыми тұрғыдан, яғни, университетке дейінгі кезеңде алынған отбасылық тәрбие мен бейресми білім беру тәжірибесі жеке тұлғаның құндылық бағдарын, оқу мотивациясын және кәсіби

ұстанымдарын айқындауда маңызды рөл атқарғанын көреміз. Кішкентай қыз бала Нұр-

сұлу университетке дейін-ақ өзіндік «жеке институттан» өткенін, яғни өмір мектебінен тәлім алғанын ғылыми тұрғыда негіздеуге болады.

Ол – отбасы институты. Ондағы «ректор» – әкесі, «проректор» – анасы, «әріптестері» – ағасы мен әпкесі, ал «студенттері» – сіңлісі мен інілері. Осылайша, оның алғашқы ұстазы – анасы, ал алғашқы «профессоры» – әкесі еді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, отбасы – тұлғаның әлеуметтенуінің бастапқы әрі негізгі әлеуметтік институты. Отбасы мүшелері баланың дүниетанымын қалыптастырып, мінез-құлық нормаларын, құндылық бағдарларын және өмірлік ұстанымдарын айқындайды. Осы контексте ана тұлғасы – тәрбиенің, мейірім мен адамгершіліктің бастауы, ал әке – жауапкершілік пен өмірлік бағыт-бағдардың үлгісі ретінде көреміз.



Ақ жолды айқындаған дара жол

Мектеп қабырғасында сапалы білім мен кәсіби бағдар алғанының нәтижесінде жас түлек Нұрсұлу жоғары білімнің беделді ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне (сол кезеңдегі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті)

оқуға түсіп, кәсіби қалыптасу жолын бастайды. 1983-1989 жылдар аралығында аталған университеттің тарих факультетін жақсы аяқтап, еңбек жолын Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры жанындағы мұражайда аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық бағытта тәжірибе жинақтайды.



Асқар тауым – әкем, бұлақ көзі – анам



Жанға шуақ сыйлаған жарқын сәт



1993 жылы тарих факультетінде әдіскер қызметіне тағайындалып, жоғары білім беру жүйесіндегі оқу-әдістемелік жұмыстарға белсене араласады.

1995 жылы педагогика кафедрасының аспирантурасына қабылданып, ғылыми-педагогикалық қызметін тереңдетті. Содан бері аталған кафедрада үздіксіз еңбек етіп, оқу үдерісі мен ғылыми зерттеу жұмыстарын ұштастыра отырып, кәсіби-педагогикалық қызметін жалғастырып келеді.

Әрбір жас маманның алғашқы тәжірибесі әрдайым есте қалары сөзсіз. Нұрсұлу Сейткерімқызы алғашқы педагогикалық тәжірибесі жайлы әңгімесін әдемі сезіммен есіне алды: «Алғашқы сабақ берген аудиториям әлі көз алдымда, шығыстану мамандығының студенттері еді, ол кезде барлық мамандықтарға 40 сағаттық көлемде педагогика пәні оқытылатын. Мен жиырма сегіз жаста болатынымын, бір студент (ұмытпасам есімі Болат, менен 3-4 жас үлкен болатын), дәріс оқуға мүмкіндік бергісі келмей әр сөзіме ілеспе сөз қосып отыратын. Бір күні сабақтан соң қалуын сұрадым, ақырын: «Сізді түсінемін жасыңыз үлкен, бірақ менің қазір оқытушы, сіздің студент болғаныңызға менің кінәм қанша, менің орныма өзіңізді қойып көріңіз, қазір ешнәрсе айтпай-ақ қойыңыз, ойланарсыз», – деп кетіп қалдым. Осы сөздер студентке әсер етіп, келесі сабақта ол дәрісті бұзбай, мұқият тыңдап, жазбалар жасауды бастады». Бұл оқиға жас маман үшін үлкен сабақ болды: тек педагогикалық шеберліктің ғана емес, психологиялық дипломатияның да қажеттілігін көрсетті.

Алайда, ұстаздық өмір тек бұл оқиғамен шектелмейді. Аспирантураға түскенде ғылыми жетекшісі ретінде Жамал Рахымқызы Баширова бекітілді.

Оның жетекшілігі кәсіби дамуға үлкен әсер етті: ғылыми

ізденіс әдістерін үйретіп, зерттеу жұмысының жүйелілігі мен әдістемелік қадамдарын көрсетті. Осылайша, жас маман университет қабырғасындағы алғашқы қадамдарынан бастап, тек сабақ өткізу ғана емес, студентпен дұрыс қарым-қатынас жасау, кәсіби жауапкершілік пен ғылыми бағытты ұстану сияқты маңызды қағидаларды да меңгерді.

Ғылыми тұрғыдан қарасақ, бұл тәжірибе педагогикалық процесс теориясына сәйкес келеді: бастапқыда жас маман білім алушылардың қарсылығына тап болып, сабақтағы өз позициясын орнату керек болады. Мұндай тәжірибе педагогикалық шеберлікті қалыптастырады, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруге, олардың белсенділігін дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жетекшімен жұмыс жасау аспиранттық кезеңде кәсіби өсу мен зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл ғылыми дамудың маңызды кезеңі болып саналады.

Ғылыми жетекшінің пайымдауынша, аспирантура – бұл толыққанды еңбек қызметі, яғни күнделікті таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейін жүйелі түрде ізденісті талап ететін жұмыс орны. Яғни, аспиранттың негізгі жұмыс орны ретінде сол кезеңде А.С. Пушкин атындағы орталық кітапханада екенін, яғни «Ұстаз» сөзін құрмет тұту қағидасын ұстанған ізденуші үшін



Ғалымды биікке жетелейтін – білім ғана емес, бағыт берген ұстаз!
Жамал Рахымқызы Башировамен бірге



Әріптестер қауымы – ғылыми мектеп тірегі



ғылыми өмір дәл осы кітапхана қабырғасында басталады.

«Білімге ұмтылған жан инемен құдық қазғандай» сабырлы болуды талап етеді. Шытырман ойларды жинақтап, зерттеу тақырыбын айқындап, түйін түйю үдерісі күрделі. Жетекші Жамал Рахымқызымен тақырыпты зерделегенде, жас ізденуші ғалым тәрбие мәселесіне қызығушылық танытатынын, XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылардың мұраларын жаңа ұстаныммен ғылым бетіне таңбалайтынын талқылайды.

Осы ізденіс үстінде «имандылық» ұғымын зерттеу нысаны ретінде алу туралы идеяны ұсынып, ұғымды кілттік категория ретінде қарастыру жөнінде шешім қабылдайды. Нәтижесінде 2001 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеялар» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. Зерттеу барысында «имандылық» ұғымы ғылыми-педагогикалық контексте жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілді. Бұл сол кезеңдегі жұмыстың басты ғылыми жаңалығы ретінде бағаланды.

Ғылым кандидаты дәрежесін алу – ғылыми жолдың бір белесі ғана. Одан кейінгі кезең зерттеушінің ғалым ретінде қалыптасу үдерісімен сипатталады. Ізденуші ғылыми мақалалар жариялап, шәкірттерге жетекшілік жасап, ғылыми жобаларға қатысқанымен, ғылымдағы терең жаңалық ашу мен іргелі зерттеу жүргізу мәселесі әрдайым өзекті болып қала берді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым ретінде толық қалыптасу – үздіксіз ізденіс пен уақыт, мүмкіндік және жүйелі еңбекті талап ететін күрделі процесс екені байқалады. Жас ғалым Нұрсұлу Сейткерімқызы кафедраға келген кезеңінде ұжым жалпыуниверситеттік мәртебеге ие болып, құрамында он-он бес шамасында ғана оқытушы болғанымен, іс жүзінде бір факультеттің қызметін атқарған құрылым ретінде жұмыс жасайды. Алғашқы кезеңде «Педагогика» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасы ашылып, кейін 2003 жылы бакалавриат білім беру деңгейі іске қосылды.

Бітіртуші кафедра мәртебесіне сәйкес, қолданыстағы нормативтік талаптар бойынша құрылымның факультет құрамында болуы қажет болғандықтан, кафедра фило-

софия және саясаттану факультетінің құрамына енгізілді. Содан бері аталған кафедра жиырма жылдан астам уақыт бойы осы факультет аясында тұрақты түрде білім беру және ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді.

Ғалым өзінің кәсіби өсу жолында, 2012–2018 жылдар аралығында философия және саясаттану факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Бұл кезеңде оқу үдерісін ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, тәрбиелік жұмыстың мазмұнын жаңарту және академиялық сапаны қамтамасыз ету бағытында жүйелі басқарушылық қызмет жүзеге асырылды.

2019 жылдан бастап «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Аталған лауазым аясында кафедраның стратегиялық дамуын жоспарлау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру, кадрлық әлеуетті нығайту, білім беру бағдарламаларын жаңғырту және академиялық ұжымның ғылыми белсенділігін арттыру бағытындағы кешенді басқару міндеттері жүзеге асырылуда.

Басқарушылық, педагогикалық және ғылыми қызметті қатар алып жүру — жоғары кәсіби құзыреттілікті, уақытты тиімді ұйымдастыруды және ғылыми-зерттеушілік табандылықты талап ететін күрделі үдеріс. Ғылыми қызметтің үздіксіздігі кей жағдайда әкімшілік жүктеменің артуына байланысты шектелуі мүмкін болғанымен, ғылыммен айналысу — таным көкжиегін кеңейтетін, теория мен практиканы ұштастыратын, мазмұны терең әрі шексіз ізденіс кеңістігі екендігі айқындалады.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық мұрасы 250-ден астам еңбекті құрайды. Оның ішінде 3 монография, ҚР БҒМ ұсынған «Педагогика» (бакалавриатқа арналған) оқулығы және 16 оқу құралы жарық көрген. Атап айтқанда, «Иман тәрбие негізі», «Педагогикалық менеджмент», «Педагогика», «Жоғары мектеп үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдану», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Әлеуметтік педагогика», «Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы», «Жоғары мектеп студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыру», «Педагогика,



әлеуметтік педагогика, өзін-өзі тану тарихы», «Higher School Pedagogy», «Әл-Фараби педагогикасы», «Ғылыми-педагогикалық зерттеулер негіздері» және т.б. еңбектері педагогика ғылымының теориялық және әдіснамалық дамуына үлес қосады.

Сонымен қатар, халықаралық ғылыми кеңістікте де белсенділік танытып, Scopus және Web of Science (Thomson Reuters) дерекқорларына енетін журналдарда мақалалар жариялау арқылы отандық педагогика ғылымының жаһандық деңгейде танылуына ықпал етуде.

Осылайша, оның кәсіби қызметі басқару теориясы, жоғары мектеп педагогикасы, білім беру менеджменті және ғылыми-педагогикалық зерттеулер салаларындағы кешенді тәжірибе мен жүйелі ғылыми ізденіске негізделгені байқалады.

Ұстаз тұлғасы мен оның кәсіби-адамгершілік болмысы туралы ой-тұжырымдар шығыс және қазақ ағартушылық дәстүрінде ерекше орын алады. Мәселен, Әл-Фараби ұстаздың табиғи болмысына, интеллектуалдық қабілетіне және моральдық сапасына айрықша мән береді. Оның пайымдауынша, нағыз ұстаз – айтылғанды терең түсінетін, көргені мен естігенін зердесінде берік сақтайтын, алғыр да зерек, ойы ұшқыр тұлға. Сонымен қатар ол шешен, білім мен өнерге құштар, қанағатшыл, жаны асқақ, ар-намысын биік қоятын, айналасына әділдік пен ізгілік нұрын шашатын, батыл да ержүрек болуы тиіс. Бұл сипаттамалар ұстаздық қызметтің тек кәсіби шеберлікпен шектелмей, жоғары адамгершілік жауапкершілікпен ұштасатынын көрсетеді.

Қазақ ағартушылық ойының көрнекті өкілі – Ыбырай Алтынсарин мұғалімнің мектеп өміріндегі шешуші рөлін айқындай отырып, оны «мектептің жүрегі» деп бағалайды. Бұл тұжырым білім беру үдерісіндегі тұлғалық фактордың, яғни мұғалімнің кәсіби мәдениеті мен рухани әлеуетінің маңызын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Ұстаздың сапасы – білім сапасының негізгі кепілі екендігі осы ойдан айқын аңғарылады.

Хакім Абай адамгершілік пен тәрбие арасындағы тікелей байланысты атап көрсетіп, адамның кісілік келбеті көбіне жақсы ұстаздың тәлім-тәрбиесі арқылы қалыптасаты-

нын тұжырымдайды. Бұл көзқарас педагогикалық ықпалдың тұлға қалыптастырудағы стратегиялық маңызын айқындайды.

Осылайша, аталған ойшылдардың пікірлері ұстаздықтың әлеуметтік мәртебесін ғана емес, оның рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және кәсіби өлшемдерін кешенді түрде сипаттайды. Ұстаз болу – тек мамандық емес, ол – терең білімді, биік парасатты және жоғары жауапкершілікті талап ететін күрделі әлеуметтік миссия екендігі ғылыми тұрғыдан дәйектеледі.

Ғалымның еңбегінің басты көрсеткіші – шәкірттерімен тұрақты байланысының сақталуы, түлектерінің мерекелік күндері құттықтап, кәсіби әрі адами қарым-қатынасты жалғастыруы болып табылады. Бұл – педагогикалық қызметтің нәтижелілігін айқындайтын маңызды әлеуметтік-психологиялық көрсеткіш.

Ғалымның кәсіби өсу жолы мен кәсіби қызметі мемлекеттік деңгейде бағаланды. Атап айтқанда, ол «ЖОО үздік оқытушысы – 2017» грантының иегері, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 85 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен, «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі, «Ерен еңбегі» медалі және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен наградталды. Бұл марапаттар оның білім беру саласына қосқан елеулі үлесін, ғылыми-педагогикалық қызметінің жоғары деңгейін және кәсіби беделін айғақтайды.



«Жыл мұғалімі – 2017» марапаттау сәті

Ғалымның ғылыми дара жолы – ең алдымен бір Алланың қалауымен, әкесі Сейткерім мен анасы Марияханның тәлім-тәрбиесімен, сондай-ақ ұстаздары, қызмет еткен университеті, кәсіби ортасы мен ұжымы және ғылыми жетекшісі Ж.Р. Бәшірованың қолдауымен байланыс-



Шалва Александрович
Амонашвилимен пікір алмасу



А.Н. Джуринскиймен
пікірлесу

тырады. Бұл көзқарас тұлғаның қалыптасуында отбасы институтының, білім беру кеңістігінің және ғылыми-педагогикалық ортаның шешуші рөл атқаратынын айқындайды. Яғни, жеке жетістік тек дара еңбектің нәтижесі емес, ол – әлеу-



Әріптестермен бірге



Ұжымдық рух – қуаныштың шырағын жағады

меттік орта, рухани құндылықтар және кәсіби ықпалдардың синтезі.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, тұлғаның кәсіби және рухани дамуы бірнеше фак-



Үстаз шәкірттермен бақытты



Білім саласындағы өзекті мәселелер талқылануда

торлардың өзара ықпалдасуы арқылы жүзеге асады: отбасылық тәрбие – бастапқы әлеуметтенудің негізі; мектеп пен университет – жүйелі білім мен құзыреттіліктерді қалыптастыру алаңы; ал ғылыми жетекші мен әріптестік орта – кәсіби рефлексия мен зерттеушілік мәдениетті жетілдіретін маңызды институттар. Міне, ғалымның өмір жолындағы жетістіктерін белгілі бір әлеуметтік-мәдени капиталдың жинақталуымен байланыстырады.

Өмірлік ұстанымдарының өзегін жақсы адамдардың жанында жүріп, тағылым алу, көру,

тыңдау, талдау жасау және ой қорыту қағидалары құрайды. Бұл – үздіксіз білім алу (lifelong learning) концепциясына сай келетін ұстаным. Көп оқу, түрлі пікірлерді салыстыру, тәжірибелі тұлғалардың өнегесін зерделеу – кәсіби кемелденудің маңызды алғышарттары ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным когнитивтік дамумен қатар, тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларын да жетілдіруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, автор стратегиялық ойлау мен мақсат қою мәдениетін басты қағида ретінде таниды. Алға үлкен мақсаттар қою, сол мақсаттарға жетудің нақты жол картасын әзірлеу, кезең-кезеңімен жүзеге асыру – басқарушылық және ғылыми қызметте табысты болудың негізгі тетіктерінің бірі. Бұл жерде жеке дамудың жоспарлылығы, жүйелілігі және нәтижеге бағытталғандығы айқын көрінеді. Бір орында тоқтап қалмау, үнемі ізденісте болу, кәсіби көкжиегін кеңейту – бәсекеге қабілетті тұлға моделінің сипаттамалары болып табылады.

Бүгінгі мерейтой иегерінің өмірлік және кәсіби қағида-та-

ры рухани құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие, сапалы білім беру ортасы, ғылыми жетекшілік пен ұжымдық қолдау, сондай-ақ үздіксіз өзін-өзі дамыту стратегиясының біртұтас жүйесі ретінде сипатталады. Бұл ұстанымдар оның тұлғалық қалыптасуы мен жетістіктерінің әдіснамалық негізін құрайды.

Долорес Әбілдәқызы НУРГАЛИЕВА,
п.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті Педагогика және
білім беру менеджменті кафедрасының
аға оқытушысы.



Ағайын бірлігі – береке бастауы



Отбасым – асыл қазынам



«Ана бақыты – бала» деген



Әулетпен өрбіген бақыт



Құрметті Нұрсұлу Сейткерімқызы!



**Бекжан Берікбайұлы
МЕЙІРБАЕВ,
философия ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Философия
және саясаттану
факультетінің деканы.
Алматы қаласы**

Сізді Философия және саясаттану факультетінің ұжымы және өз атымнан 60 жылдық мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Алпыс жыл – кемелдік пен парасаттың, терең тәжірибе мен рухани толысудың асқар белесі. Бұл белеске Сіз үздіксіз ізденіс, табанды еңбек, ғылым мен білімге адал қызмет ету арқылы жеттіңіз. Сіздің өмір жолыңыз – жас ұрпаққа өнеге, әріптестерге үлгі, отандық педагогика ғылымы үшін тағылымы мол тағдырлы жол.

Сіздің өзіндік ой-өрнегіңіз, тегеурінді ғылыми тұжырымдамаларыңыз, білім мен тәрбиенің рухани-адамгершілік бағыттарын философиялық тұрғыдан терең саралауға арналған еңбектеріңіз – ұлттық білім беру кеңістігінде айрықша орны бар құнды зерттеулер. Білімді тек кәсіби даярлық ретінде емес, ең алдымен, адам болмысының, тұлғалық кемелденудің, рухани мәдениеттің негізі ретінде қарастырып, педагогика мен философияны өзара сабақтастыра зерделей білдіңіз. Осы тұрғыдан алғанда, Сіздің ғылыми еңбектеріңіз қазақ педагогикасы ғылымының мазмұнын байытып қана қоймай, оның әдіснамалық және дүниетанымдық көкжиегін кеңейтті.

Қарапайым мұғалімдік қызметтен бастап, жоғары оқу орнының профессоры, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі деңгейіне дейінгі кәсіби жолыңыз – табандылықтың, адалдықтың және жоғары жауапкерші-

ліктің жарқын көрінісі деп білемін, яғни *Абайдың даналығындағы: тіршілік, ғылым, күш, көру, есту, тілек тілеу, сөз, бар болу.* Ғылым мен даналық, адам бойында жақсылық пен адалдық қасиеттердің болуын үйретіп, қайырымдылық қасиеттерін тәрбиелейді. Демек, маман даярлау ісінде тек білім берумен шектелмей, тұлғаның адамгершілік келбетін қалыптастыруға, ойлау мәдениетін дамытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге айрықша мән беріп келдіңіз. Осы еңбегіңіздің нәтижесінде Сіздің мектебіңізден өткен көптеген шәкірттер бүгінде ел игілігі үшін қызмет етіп, ғылым мен білім саласында абыройлы еңбек етуде.

Ғылыми мұраңыздың салмақтылығын 4 монография, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грифімен жарық көрген 2 оқулық — «Педагогика» (бакалавриатқа арналған) және «Жоғары мектеп педагогикасы» оқу құралдары айқын дәлелдейді. Бұл еңбектер жоғары мектеп педагогикасының теориялық негіздерін жүйелеп қана қоймай, қазіргі заман талаптарына сай білім беру философиясын қалыптастыруға зор үлес қосты. Аталған оқулықтар мен оқу құралдары бүгінгі таңда студенттер мен магистранттар, докторанттар және жас ғалымдар үшін сенімді әдістемелік әрі дүниетанымдық бағдар болып отыр.

Сонымен қатар, республикалық ғылыми-педагогикалық журналдардағы ақылдастар алқасының мүшесі ретіндегі сарабдал ой-тұжырымдарыңыз, ғылыми әділдік пен академиялық мәдениетті ұстанудағы принципшілдігіңіз ұлттық білім мен ғылымның дамуына қосқан іргелі үлес деп бағаланады. Сіз ғылыми қауымдастықта тек білікті ғалым ғана емес, биік адамгершілік пен зиялылықтың иесі ретінде де зор құрметке ие болдыңыз.



Абайдың осы мәселені өзінің терең мағыналы философиялық жүйесінің орталық, өзекті мәселе ретінде алуы оның өз халқының бойында адамилықты дамыту, тәрбиелеу, адамның өмірінің соңына дейін өзінің адамдық қалпын сақтай алуы, бір сөзбен айтқанда «адам болуын» тілеген ой-толғанысының, жүрек қобалжуының нәтижесі деп қарау керек.

Мерейлі мерей тойыңыз – өткен жолы-

ңызға тағзым жасап, келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік беретін ерекше сәт. Алдағы уақытта да ғылыми шығармашылығыңыз сарқылмай, ой-пікірлеріңіз отандық білім мен ғылымды жаңа белестерге жетелей берсін. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шәкірттеріңіздің құрметі мен әріптестеріңіздің ықыласын тілеймін! Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болсын!



Ғылыми жаңалықтың сабақтастығын жалғастырушы ізбасар...



Шәркүл Таубайқызы ТАУБАЕВА,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
«Қазақ ССР оқу ісі үздігі» төсбелгісі, «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, «2017 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Құрмет» орденінің иегері.
Алматы қаласы

Ғылыми мектеп – белгілі бір ғылыми бағыт аясында қалыптасқан теориялық-әдіснамалық ұстанымдардың, тұжырымдамалық көзқарастардың және зерттеу дәстүрлерінің біртұтас жүйесі, сондай-ақ осы жүйені дамытып, сабақтастық негізінде жалғастыратын ғылыми қауымдастық. Ол тек ғылыми идеялардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар сол идеяларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыратын, ғылыми мұрагерлікті қамтамасыз ететін әлеуметтік-интеллектуалдық орта болып табылады.

Ғылыми мектептің мазмұны оның қалыптасу тарихымен, зерттеу нысанымен, әдіснамалық ұстанымдарымен және құндылықтық бағдарларымен айқындалады. Әдетте, ғылыми мектеп өзіндік зерттеу стилімен, ғылыми мәселелерді қою және шешу тәсілдерінің ерекшелігімен дараланады. Мұндай ерекшелік ғылыми мектептің жетекшісі – ғылыми көшбасшы тұлғасының дүниетанымы мен ғылыми ұстанымдарынан бастау алады. Ғылыми

жетекшінің ғылыми беделі, интеллектуалдық әлеуеті, ұйымдастырушылық қабілеті мен педагогикалық шеберлігі мектептің даму траекториясын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Ғылыми мектептің басты мақсаттарының бірі – ізбасарлар даярлау арқылы ғылыми идеялардың өміршендігін қамтамасыз ету және зерттеушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Бұл үдеріс тек білім берумен шектелмей, жас ғалымдардың дербес ойлауын, ғылыми мәселелерді сыни тұрғыдан талдай алу қабілетін, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын қалыптастыруды көздейді. Уақыт өте келе ғылыми мектеп аясында тәрбиеленген зерттеушілердің бірқатары өз ұстаздарының ғылыми шеңберінен асып, жаңа бағыттар қалыптастырып, ғылым дамуына серпін беретін іргелі жаңалықтар жасайды. Осылайша, ғылыми мектеп ғылыми прогрестің қозғаушы күшіне айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми мек-





теп – ғылымның институционалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін күрделі феномен. Ол ғылыми идеялардың эволюциясын, зерттеу мәдениетінің сабақтастығын және жаңа буын ғалымдарының қалыптасуын үйлестіретін тұтас ғылыми-педагогикалық жүйе ретінде сипатталады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі педагогика ғылымының институционалдық қалыптасу тарихы терең әрі мазмұнды. Тарихи деректерге сүйенсек, кафедраның негізі 1937 жылы педагогика кабинеті ретінде қаланған. Аталған құрылымның алғашқы меңгерушісі болып С. Қожахметов (1910-1945 жж.) тағайындалып, педагогикалық білім беру ісінің жүйелі жолға қойылуына елеулі үлес қосты. Кейіннен, 1940 жылдың 12 қаңтарында педагогика жеке кафедра ретінде ресми түрде құрылып, университеттің ғылыми-білім беру кеңістігінде дербес құрылымдық бірлікке айналды.

Уақыт талабына сәйкес кафедра атауы мен мазмұндық бағыты да эволюциялық өзгерістерге ұшырады. Алғаш «Педагогика» кафедрасы болып құрылса, кейін «Жалпы және этникалық педагогика» атауын иеленді. Бүгінгі таңда педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы ретінде, философия және саясаттану факультетінің іргелі әрі тарихи кафедраларының бірі саналады. Бұл өзгерістер педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық кеңеюін, білім беру жүйесіндегі басқару үдерістерінің маңыздылығын және заманауи білім беру парадигмасына бейімделуін көрсетеді.

Кафедраның қалыптасуы мен дамуына педагогика ғылымының көрнекті өкілдері мен ағартушы-ғалымдары басшылық жасап, ғылыми мектептің негізін қалады. Олардың қатарында Сұлтанбек Қожахметов, Шәкір Қоқымбаевич Қоқымбаев, Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев, Әбдіхамит Ибнеевич Сембаев, Қартбай Бекенович Бержанов, Хасен Қуандықович Мартынов, Борис Жаркенович Садыков, Құбы-

ғұл Бозайұлы Жарықбаев, Злиман Ұрбо-сынқызы Жантекеева, Әдібай Табылдиев, Жамал Рахымқызы Баширова және басқа да ғалым-ұстаздар қызмет жасады. Аталған тұлғалардың ғылыми-теориялық мұрасы кафедраның зерттеу бағыттарының айқындалуына, ұлттық педагогиканың дамуына, жоғары білікті педагог кадрларды даярлау ісінің сапалы жүзеге асуына негіз болды.

Қазіргі кезеңде кафедраның ғылыми дәстүрін сақтай отырып, оны жаңашыл мазмұнмен толықтырып, жандандырып келе жатқан жетекші тұлғалардың бірі – кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызы. Ғалым-ұйымдастырушы ретінде ол кафедраның тарихи сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, заманауи білім беру менеджменті, педагог кадрларды кәсіби даярлау, ғылыми-зерттеу қызметін жүйелеу және университеттік ғылымды институционалдық тұрғыдан дамыту бағыттарында кешенді жұмыстар атқарып келеді.

Профессор м.а. Н.С. Әлқожаеваның ғылыми-әдіснамалық ұстанымы білім мен ғылым интеграциясына, академиялық сапаны арттыруға, білім беру үдерісін зерттеушілік мәдениетпен ұштастыруға негізделген. Оның басшылығымен кафедра жоғары мектеп педагогикасы саласында бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлайтын, сонымен қатар ғылыми қауымдастық пен қоғамдық ойдың тоғысқан орталығына айналып отыр.

Кафедраның тарихи қалыптасу жолы мен ғылыми эволюциясы ұлттық педагогика ғылымының дамуына қосылған елеулі үлесті айқындайды. Дәстүр мен инновацияның сабақтастығы – кафедра дамуының стратегиялық негізі. Бұл ұстаным ғылыми мектептердің өміршендігін сақтауға, әдіснамалық тұтастықты қамтамасыз етуге және жаңа буын зерттеушілердің қалыптасуына мүмкіндік берді.



Осы ғылыми дәстүрді лайықты жалғастырып келе жатқан Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызын мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып, оның ғылыми-педагогикалық қызметі ұрпақ тәрбиесі мен жоғары білім сапасын арттыру ісіне әрі қарай да серпін береді деп сенім білдіремін. Университеттік зерттеу мектептерінің дамуы білім алушылардың ақпараттық ағын жағдайында сыни ойлауын қалыптастыруға, білім берудегі формализм мен біржақтылықты еңсеруге, кәсіби құзыреттілікпен қатар рухани-адамгершілік әлеуетін жетілдіруге бағыттала беретіні сөзсіз.

Мерей жас иегері Нұрсұлудың кафедра

тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған аға буын өкілдерінің еңбегін жүйелі түрде насихаттап, олардың ғылыми мұрасын жаңғырту мен сабақтастықты дамытады және ғылыми дәстүрдің үзілмей, мазмұндық тұрғыдан толығып, жаңа буын зерттеушілер арқылы жалғасын табады деп сенім арттамын.

Мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, ғылыми-зерттеу қызметіңіз бен педагогикалық еңбегіңіздің нәтижелілігі арта берсін, қалыптастырған ғылыми мектебіңіздің әлеуеті нығайып, отандық ғылым кеңістігінде өз өрісін кеңейте түссін деген ізгі тілегімді білдіремін.



Білім сапасы – білім беру жүйесін жаңғыртудың басты стратегиясы



Аскарбек Қабыкенұлы ҚҰСАЙНОВ,
Қазақстанның педагогикалық ғылым Академиясының президенті, Қазақстан Ұлттық ғылым Академиясы академигі.
Алматы қаласы

Жоғары оқу орнының ғылыми тенденциясы – университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің даму бағыттарын, басымдықтарын және стратегиялық бағдарларын айқындайтын кешенді үдерістер жүйесі. Қазіргі кезеңде бұл тенденциялар жаһандану, цифрландыру, білім мен ғылым интеграциясы жағдайында қалыптасып, жоғары білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымына сапалық өзгерістер енгізуде.

Осы тұрғыда, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін ескере отырып, өз қызметін стратегиялық тұрғыдан жаңғыртуда. Атап айтқанда, білім беруді жаһандандыру және халықаралық-

тандыру үдерістері кеңінен енгізілуде; жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде дамытылуда. Бұл бағытта білім алушылардың, оқытушылар мен зерттеушілердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік оқу кезеңдерін, білім беру құжаттарын, академиялық дәрежелер мен атақтарды өзара мойындау мәселелері жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әртүрлі нысандарын жетілдіру, білімнің қоғамдағы рөлін арттыру және оны ғылымға негізделген өндірістік күшке айналдыру мәселелері басым бағыт ретінде қарастырылады. Білім беру жүйесі ғылым–технология–адам–өндіріс өзара байланысындағы орталық буын ретінде айқындалып отыр.

Қазіргі жоғары білім беру кеңістігінде жаппай жоғары білімге көшу, білім алушылар санының және профессор-оқытушылар құрамының артуы, білім алушылардың жас ерекшелігінің ұлғаюы мен әлеуметтік құрамының өзгеруі сияқты





үрдістер байқалады. Осыған байланысты жоғары білім беруді әртараптандыру, оқу мерзімі қысқартылған университеттік емес секторды дамыту, жоғары білікті орта буын мамандарын даярлау және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту мәселелері өзекті болып отыр.

Оқытуды компьютерлендіру, басқару мен білім беру үдерісіне заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу де кафедра қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Фундаменталды білім беру кеңістігінде ағылшын тілінің басымдығын ескере отырып, кафедра білім сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға және халықаралық академиялық ортаға ықпалдасуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Осы ғылыми-стратегиялық бағыттарды табысты жүзеге асырып отырған кафедра

менгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылыми, педагогикалық және басқарушылық қызметі университеттегі педагогикалық білім беруді модернизациялау, педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыру мәселелерімен тығыз байланысты. Оның қызметі білім беру, ғылым және өндіріс дамуының қазіргі және болашақ қажеттіліктеріне сәйкес білім алушылардың кәсіби маңызды құзыреттерін тиімді қалыптастыруға бағытталған.

Ғалымның 60 жас мерейтойына орай, оның отандық педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі мен ғылыми-ұйымдастырушылық еңбегін жоғары бағалай отырып, шығармашылық ізденістерінің жемісті жалғасуын, ғылыми жобаларының табысты жүзеге асуын, зор денсаулық пен отбасылық амандық тілеймін.



Общеуниверситетская магистратура кафедры: история становления специалиста



**Айгуль Абдимажитовна
БУЛАТБАЕВА,**
доктор педагогических
наук, ассоциированный
профессор кафедры
педагогики и
образовательного
менеджмента КазНУ
им. аль-Фараби,
г. Алматы

мне младшему сотруднику научно-исследовательского института показались легкими. Потому что я пришла уже с намерением продолжить свою исследовательскую работу по изучению системы значений обучаемых и к части вопросов уже была готова. Но я, представить себе не могла, насколько будет увлекательным мое путешествие в науку «ПЕДАГОГИКА».

Первые сентябрьские занятия, я убегаю с работы и попадаю на занятие профессора Шаркуль Таубаевны Таубаевой (для пояснения: она мой работодатель на тот момент и убежала я именно от нее). Сижу, нервничаю, но предмет жутко интересный — «Организация и планирование НИР». С этого дня, я начала узнавать Шаркуль Таубаевну, с другой стороны, как настав-

Год 1997, химический факультет (старое здание) Казахского национального университета имени аль-Фараби, прохожу собеседование на поступление в общеуниверситетскую магистратуру по специальности «Педагогика высшей школы». Тогда, вопросы, которые задавала комиссия,



ника, как учителя. Она так здорово преподносила материал, что я понимала насколько ответственно заниматься научно-исследовательской деятельностью, что это «заразное заболевание» и оно постоянно будет требовать правильной самоорганизации. Часть того, что она говорила, я не понимала на тот момент, но я всегда получала от нее ответы на все свои вопросы.

Разрыв шаблона и моя трансформация проходила через занятия профессора Надежды Дмитриевны Хмель. Она проводила занятия по предметам: «Педагогика высшей школы», «Методология и методы научно-педагогических исследований», «Теория организации ЦПП (целостного педагогического процесса)».

Занятие началось с того, что она попросила нас сформулировать цель занятия. Я попыталась сформулировать свою цель на занятии. Профессор прокомментировала, что у меня есть педагогические способности, но надо работать. Вся группа пыталась сформулировать цель занятия, не получилось ни у кого. Я напряглась и подумала, что на этих занятиях будет «не сладко». Я очень тяжело переносила лекционные занятия, особенно по «Теории организации ЦПП», быстро отвлекалась, что не оставалось без внимания лектора. Иногда мне казалось, несмотря на то, что в группе 12 человек, Надежда Дмитриевна делает замечания только мне.

У нее на каждое занятие были подготовлены 3-4 опорные карточки, и занятие она начинала с того, что мы после озвучивания темы лекции, формулировали цель и план занятия. На это уходило примерно 30 минут занятия, а оставшиеся 50 минут проходили в формате проблемного изложения. Мне нравилось все: как она проводит занятие, как она организует взаимодействие с аудиторией, как она искусно преподносит сложный материал. Из ее предметов мне больше всего нравилась «Педагогика высшей школы». Но в период сессии на итоговом экзамене по этому предмету я получила четверку. Вся кафедра, все мои преподаватели и сокурсники были удивлены, но Надежда Дмитриевна объяснила, что я не использовала весь

свой потенциал на экзамене. Замечание, произнесенное ею и особенно взгляд, всегда со мной, даже тогда, когда прошли годы и начинаю приступать к выполнению чего-то ответственного и значимого. На государственном экзамене по предмету «Педагогика высшей школы» я получила оценку «отлично». Теория целостного педагогического процесса, основателем которой являлась доктор педагогических наук, профессор Н.Д. Хмель, легла в основу моей магистерской, затем кандидатской и докторской диссертации.

Работать с информацией, обрабатывать ее и писать тексты я училась на занятиях Светланы Николаевны Лактионовой. Предметы «Педагогическая инноватика» и «Социальная педагогика» мы изучали с ней. У нас всегда были под рукой цветные маркеры, остро заточенные простые карандаши и ручки с цветной пастой. Учились читать по вертикали и горизонтально, выделять главное, контекст, подтекст. Светлана Николаевна всегда отличалась сдержанностью и своеобразной методикой проведения занятий. Иногда, как обычно, мы ныли, не хотели выполнять ее задания. Но от ее занятий, я лично вынесла множество умений и именно ее занятия легли в основу замысла моего проектного исследования, связанного со схематизацией и моделированием мыслительной деятельности учащихся. Именно Светлана Николаевна учила меня делать так, как подсказывает мне интуиция и никогда себя не подводить.

Мой руководитель магистерской диссертации Ботагоз Кинаятовна Кудышева. Стиль ее научного руководства: максимум свободы в выражении исследовательского «Я», с ориентацией на личную ответственность магистранта, при регулярной отчетности перед научным руководителем. Она учила меня, как выстраивать выступление, как отвечать на вопросы, как восстанавливаться после «мягких» замечаний рецензентов и критики оппонентов.

Отдельно строкой и теплотой в душе отдают занятия Владимир Ивановича Копылова «Основы педагогического мастерства и ораторское искусство», Ергали Бейсен-



баевича Дайрабаева «Основы дидактики». Эти занятия помогли мне освоить азы педагогического искусства и самой уверенно преподавать уже дальше.

Жизнь кафедры была неразрывно связана с обучаемыми магистратуры. Мы участвовали во всей работе кафедры, знали все технологические моменты организации и управления кафедрой. Огромное место занимала воспитательная работа. Мы были вторым набором и чувствовали заботу каждого преподавателя: Лидии Кенжеевны Ибрашева-Туркпеновой, Сауле Дуйсебаевны Есенжоловой (проводила наше посвящение в педагоги), Кульпаш Жолтаевны Жолтаевой.

И среди этих ярких событий, кафедре, именно Жамал Рахимовне Башировой, Зауреш Абдразаковне Исаевой, Гульнас Кенжетаевне Ахметовой удалось втянуть меня в сложную, но одновременно важную часть жизнедеятельности кафедры

- учебно-методическую работу. Мои учителя преподносили ежедневную рутинную работу как приключение, как неизведанное. Они не пугали меня объемом и сложностью работы, а могли невзначай, в игровой форме, используя приемы и средства народной педагогики, включить и трансформировать мои навыки для выполнения объема работ, предусмотренных научно-исследовательской и педагогической практикой в магистратуре.

Незабываемое время – время обучения в магистратуре в общеуниверситетской кафедре «общей и этнической педагогики». Время приобретения навыков, становления как педагога, формирования индивидуального исследовательского стиля, развития методического потенциала. И все это, благодаря моим УЧИТЕЛЯМ и кафедре.

Низкий поклон и с юбилеем!



Нурсулу Алгожаева: педагогика как миссия и духовный ориентир



Ernazar Hamidullovich ИШАНОВ,
полковник запаса,
магистр педагогических наук, ветеран Афганской войны, начальник Института военного дела АО «АЛТ Университет имени Мухамеджана Тынышпаева», г. Алматы

«Воспитание – великое дело: им решается участь человека», - писал Виссарион Белинский. Эти слова удивительно точно отражают профессиональный путь кандидата педагогических наук, доцента Алгожаевой Нурсулу Сейткеримовны, для которой педагогика ста-

ла не просто профессией, а осознанной жизненной миссией.

Окончив в 1989 году исторический факультет Казахского государственного университета имени С.М. Кирова, Нурсулу Сейткеримовна связала свою судьбу с наукой и высшей школой. Ее более чем тридцати семилетний трудовой путь – это последовательное и вдумчивое служение системе образования, основанное на ответственности, глубокой эрудиции и вере в преобразующую силу знания.

Начав профессиональную деятельность в 1993 году в КазНУ имени аль-Фараби, она прошла все этапы академического роста: от старшего лаборанта



и аспиранта, до ассистента, старшего преподавателя и, с 2004 года, доцента кафедры общей и этнической педагогики. Такой путь нередко называют «классическим университетским», однако в ее случае он наполнен не формальным продвижением, а подлинным содержанием — научным поиском, методической работой и наставничеством.

Аристотель утверждал: «Корни образования горькие, но плоды сладкие». Эти «плоды» в деятельности Нурсулу Сейткеримовны — десятки подготовленных магистров и исследователей, среди которых 37 магистров, 1 кандидат педагогических наук и 2 доктора PhD, успешно защитившие диссертации под ее научным руководством. Для своих учеников она всегда была не только научным руководителем, но и нравственным ориентиром, человеком, умеющим сочетать требовательность с уважением к личности.

Особое место в научной биографии Нурсулу Сейткеримовны занимает исследование духовно-нравственных основ воспитания. Защищенная ею в 2001 году кандидатская диссертация, посвященная идеям «имандылык» в наследии просветителей XIX века, стала логическим продолжением ее научных интересов. Не случайно именно она утвердила тему докторской диссертации, связанную с методологическими основами нравственного воспитания в Коране и хадисах. Как писал Альберт Эйнштейн, «образование — это то, что остается, когда забывается все выученное». В трудах Нурсулу Сейткеримовны образование предстает именно как внутреннее качество личности, а не набор знаний.

Ее вклад в развитие системы высшего образования Казахстана проявляется и

в активном участии в разработке государственных общеобязательных стандартов образования, типовых учебных программ Министерства образования и науки РК, а также каталогов элективных дисциплин КазНУ. Это та работа, которая остается «за кадром», но именно она формирует архитектуру современного университетского образования.

Как председатель методического бюро кафедры с 2006 года и член академического совета университета с 2010 года, Нурсулу Сейткеримовна вносит весомый вклад в формирование академической культуры, где качество образования неразрывно связано с ценностями, ответственностью и профессиональной этикой. Ее участие в жюри республиканского конкурса «Лучший классный руководитель» в 2008 году стало признанием ее авторитета в педагогическом сообществе.

Сегодня Нурсулу Алгожаева по праву считается одним из известных специалистов в области духовно-нравственного воспитания личности, педагогического менеджмента, образовательной политики и педагогического мастерства. Введенный ею в научный оборот термин «имандылык» стал не просто понятием, а философией педагогического подхода, в центре которого — человек, его внутренний мир и моральная ответственность.

Имидж Нурсулу Сейткеримовны — это образ ученого нового времени: соединяющего традиции и современность, науку и духовность, строгую методологию и живое человеческое участие. Как говорил Конфуций, «благородный человек требует от себя, низкий — от других». Именно эта внутренняя планка и определяет ее профессиональный и человеческий облик.



85 лет кафедре: традиции, достижения и взгляд в будущее



Анар Бекетбаевна МУКАШЕВА,
доктор педагогических наук, ассистент-профессор кафедры
педагогике и образовательного менеджмента КазНУ
имени аль-Фараби,
г. Алматы

В январе 2025 года, одна из старейших кафедр Казахского национального университета имени аль-Фараби, отметила свой 85-летний юбилей. Это значимое событие не только для самого университета, но и для всей педагогической науки Казахстана. За годы своего существования кафедра прошла долгий путь развития — от небольшого учебного кабинета до ведущего научно-образовательного центра страны. Здесь были подготовлены тысячи специалистов, внесших значительный вклад в развитие образования, педагогики, психологии и социальной педагогики. Многие выпускники стали выдающимися учёными, преподавателями, руководителями образовательных учреждений и общественными деятелями.

С момента своего основания кафедра неизменно выполняет ключевую миссию — подготовку профессионалов в области педагогики и образования. Первые годы её существования были непростыми: нехватка ресурсов, ограниченные кадровые возможности, сложности военного и послевоенного времени. Однако, несмотря на все эти вызовы, энтузиазм первых преподавателей и студентов позволил кафедре не только выстоять, но и создать прочные традиции, которые продолжают развиваться и сегодня.

Кафедра педагогики была основана в 1940 году. В то время система образования в Казахстане только формировалась, и одной из главных задач было обеспечение страны квалифицированными педагогическими кадрами.

Первые преподаватели кафедры не только обучали студентов, но и разрабатывали первые методические рекомендации, учебные пособия, занимались исследовательской работой.

В первые десятилетия кафедра занималась подготовкой учителей для школ и вузов, но со временем её деятельность значительно расширилась. В 1970-1980-х годах активно развивались научные исследования, проводились педагогические эксперименты, создавались новые учебные курсы и программы.

В 1990-е годы, с переходом Казахстана к рыночной экономике, система образования претерпела значительные изменения. Кафедра оперативно адаптировала образовательные программы к новым условиям, внедряя инновационные методы обучения и воспитания, интернет ресурсы, разрабатывая новые учебные планы.

Сегодня кафедра является признанным научно-образовательным центром, работающим в таких направлениях, как педагогика, психология, инклюзивное образование, менеджмент в образовании, социальная педагогика и цифровая педагогика.

На сегодняшний день кафедра продолжает традиции качественного образования и научных исследований. Среди её значимых достижений можно выделить создание специализированных научных и воспитательных центров при кафедре, проведение научных исследований в области педагогики, психологии, социальной педагогики. Неоднократно студенты



становились и становятся по сей день победителями в международных и республиканских научных олимпиадах и конкурсах. Активно развивается международное сотрудничество с ведущими университетами и образовательными центрами мира. Вуз принимает участие в национальных и международных грантовых проектах, внедряются цифровые технологии в образовательный процесс, разрабатываются онлайн-курсы и дистанционные программы обучения... Список достижений можно продолжать до бесконечности, но ясно одно – кафедра по праву является эталоном успеха!

Большое внимание кафедра уделяет интеграции с мировыми образовательными стандартами. В последние годы было подписано множество соглашений о сотрудничестве с зарубежными университетами, организованы стажировки для студентов и преподавателей, привлекаются зарубежные преподаватели для чтения лекций и проведения мастер-классов.

В 1994 году я пришла на кафедру, начав свой путь в качестве старшего методиста. В то время кафедра называлась просто «Общеуниверситетская кафедра педагогики».

Преподаватели кафедры читали курс «Педагогика» на всех факультетах и курировали педагогическую практику студентов. Мне тогда довелось работать с такими известными педагогами, учеными Казахстана, как Адибай Табылдиевич Табылдиев, Турсын Мешитбаевич Мешитбаев, Лидия Кенжеевна Туркпенова, Гульнас Кенжетаевна Ахметова (мой научный руководитель), Кульпаш Жолтаевна Жолтаева, Сауле Дуйсебаевна Есенжолова, Салтанат Утеповна Наушабаева, Владимир Иванович Копылов, Зауреш Абдразаковна Исаева, Борис Жаркенович Садыков, Жамал Рахимовна Баширова, все они вложили максимальный вклад в обучение и воспитание студенческой молодежи и развитие нашей кафедры. Они мотивировали студентов на дальнейшее профессиональное развитие своим трудом, советами, рекомендациями. Мы, вместе с Алгожаевой Нурсулу Сеиткеримовной (заведующей

кафедрой педагогики и образовательного менеджмента), Галиевой Бахыт Хасеновнкой (доцент ЕНУ им. Л. Гумилева) поступили в аспирантуру в 1995 году. Обучаясь в аспирантуре, мы были ассистентами преподавателей кафедры и получили огромный опыт в преподавательской деятельности. Под руководством профессора кафедры, Академика Национальной академии наук Республики Казахстан Гульнас Кенжетаевны Ахметовой, я защитила кандидатскую, а затем и докторскую диссертации. Вот такой путь профессионального становления был у меня на нашей кафедре. И я выражаю огромную благодарность всем преподавателям кафедры, с кем мне довелось работать в те непростые годы.

Юбилей – это не только повод оглянуться назад, но и возможность наметить планы на будущее. Сегодня, в условиях стремительного развития технологий и изменений в образовательной системе, перед кафедрой стоят новые вызовы:

- Развитие цифровых технологий и их интеграция в учебный процесс;
- Создание инновационных образовательных программ;
- Дальнейшая международная интеграция и участие в глобальных образовательных проектах;
- Подготовка молодых специалистов в магистратуре и PhD докторантуре;
- Привлечение молодых учёных и преподавателей;
- Повышение академической мобильности студентов и преподавателей.

Современные студенты получают не только фундаментальные знания, но и практический опыт. На сегодняшний день, коллектив кафедры полон решимости, сохранить и приумножить традиции, заложенные поколениями учёных и педагогов в своем историческом развитии. Сочетание опыта и инноваций позволяет смотреть в будущее с уверенностью.

Поздравляю кафедру с 85-летием и желаю новых успехов, смелых идей, больших открытий, процветания и успешного празднования следующих юбилейных дат!



Ғылым мен білім тоғысуындағы кәсіби шыңдалу



Бақыт Айтукызы ӘРІНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика және
білім беру менеджменті кафедрасының доценті,
«Ы. Алтынсарин» атындағы медаль иегері.
Алматы қаласы

Адамзат баласының дүниетанымын, ақыл-ой өрісін кеңейтіп, адами асыл қасиеттерін ізгілендіруде ғылым мен білімнің бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жалғастырып жүретін синкреттік мәнін теория мен практиканың ұштасуынан көреміз. Қандай да болмасын бір ғылымның саласы әлбетте, өзге ғылымдармен байланысты толығып, толысып отырады. Адам тәрбиесінің өзегі деп танылатын педагогика ғылымы барлық ғылыми саланың интеграциясындағы ғылыми білімдерді қамтып, кәсіби мамандандудың сүрлеуіне із салады. Еліміздің жоғары деңгейдегі оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 85 жылдық тарихының тамыры тереңде жатқаны ақиқат. Осыншама уақыт аралығында қаншама ғалым еңбек етіп, қаншама ғылыми ізденістерге жол ашылды. Ғылым ғибраты, білім білігі және парасат пайымы туралы толғаныс осындайдай дүбірлі тойда туады. Өзі қызмет етіп жүрген саланың атаулы мерекесінде әр ғалым өзіне-өзі есеп беріп, өзінің мерейтойын өткізіп отырғандай күй кешеді.

Мен де сондай бір тегеуірінді ойдың төрінде, патша көңілімнің көгінде тұрған өрелі ойларымды жинақтап сан жылдық тәжірибеммен бөлісіп, өзім туралы шағын эссе жазсам әбестік болмас. Еңбек жолымды өзім оқып білім алған ауылдың мектебінде мұғалім болудан бастасам, бүгінде ғылыми еңбектерім еліміздің түпкір-түпкірінде білім алып жатқан болашақ педагог мамандардың ғылыми білімдерін,

әдістемелік шығармашылықтарын шыңдайтын құралдарға айналды. Педагогикалық ғылыми ортада жарты ғасырға жуық қызмет еткен уақытта көргендерім мен көңіліме түйгендерім ғылым мен білімнің біртұтас әлемі болса, сол әлемде әр ғалымның өзіндік орны мен үлесінің болатыны сөзсіз емес пе? Абай атамыз: «Ғылымға өзін шын мейірленсең, ол да саған мейірлене түседі», – деп бекер айтпаса керек.

Терең білім, шығармашылық шабыт пен ізгілікті ізденіс адамды ғылым көкжиегіне жетелеп, ғаламат дүниенің есігі ашылады. Сонда ғана сен ғылым мен білімнің ақ нұрын тұғыр етесің, өзіңнің ғылыми жолыңдағы іргелі, қолданбалы зерттеулеріңе зер салып, өзің тәлім-тәрбие беріп отырған ұрпақтарыңды білім нәрімен сусындатып, олардың кәсіби мамандануына мүмкіндік тудырасың. Өйткені, мұнда сенің ғылыми ізденістеріңнің, әр дәрісте, әр семинар сабағында айтқан салиқалы ой-пікірлеріңнің тамшыдай болса да, танымы терең тағылымы жатады.

Ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеу бағытында жалпы білім беретін мектептегі тіл мен әдебиет пәндерінің білім мазмұнын іріктеу, пәндерді оқыту әдістемесі мәселесімен айналысқан педагог ғалым ретінде менің кейінгі жылдардағы кәсібім жоғары оқу орындарындағы оқытушылық қызметке ұласты. Кафедра қабырғасында адамның өзін-өзі тануы, рухани-адамгершілік әлемі, ізгілік педагогикасы, жастардың ұлттық тәрбиесі, әлеуметтік педагогика, жоғары мектеп педагогикасы мәселесі бойынша ұстаздық етіп, болашақ маман-



дардың кәсіби білім алуларына үлес қосып келемін. Әр адамның өз мамандығына деген құштарлық пен адалдық өз нәтижесін беретіні, ғылыми тұрғыдан табысты болатынын өмірдің өзі дәлелдеп келеді.

Педагогика ғылымы саласында еңбек ететін ғалымдардың кісілік келбетінің, адами болмысының, ғалымдық ғибратының өнегемен өрілген өмірлік қағидаларының адамгершілік мәнімен нұрлануын ғылым мен білімнің құдіреті деп білемін. Ал олардың кәсіби шындалуына апаратын негізгі күш — ғылым жолындағы адамдардың өз бойындағы шексіз мүмкіндіктеріне сене білуі, өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдіруі. Педагог болу, ғалым болу ізденіспен ғана келмейді, ол табиғи талант, адам-

ға тумысынан берілген сый.

Шығыс ойшылдарының ой-тұжырымдарында адамның жеке даралық қасиеттері оның адамгершілік әлемінің рухани байлығын көрсететін, өмірлік мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік тудыратын түрткі ретінде түсіндіріледі. Белгілі бір салада тәжірибе жинақтау, әлеуметтік ортада өзін-өзі жарқыратып көрсете алу, қоғамға қызмет ету, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру — педагог маманның міндеті. Ендеше, өзіміз қалап алған, өмірлік қағидамызға айналған педагогтік қызметімізді мақтан тұтып, ұрпақтарымызға терең білім мен тағылымды тәрбие беріп, еліміздің ертеңгі болашағы үшін еңбектене берейік!



Ғылымдағы ізденіс іздері



Қуаныш Шорманқызы МОЛДАСАН,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері»,
«Б. Алтынсарин» атындағы медаль иегері.
Алматы қаласы

Бүгінгі таңда қоғамда орын алып отырған өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, тәрбиелеу, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Бұл ретте, адамзаттың дамуында, салихалы ұрпақтың тәрбиесінде ұстаздың алатын орны бөлек. Ұстаздық мамандық ол — ізгіліктен ғана тұратын қасиетті кәсіп.

Осы бағытта, тұлғаны дамытуда бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан ұлағатты ұстаз, ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылым жолындағы ізденістері педагогика ғылымындағы толассыз еңбек болып табылады. Ғалымның көп жылғы ғылыми зерттеулері

тұлғаны қалыптастыру мен заман талабына сай сапалы білім беру, білікті маман дайындауға арналады.

Ғылыми зерттеулерінде ақпарат пен технологияның басымдығы жағдайында болашақ маманға жүйелі білім мен кәсіби іс-әрекетте рухани-адамгершілігі зор, өзінің туған тілі мен төл мәдениетін жетік меңгерген, әлемнің озық жетістіктерін игерген ұрпақты тәрбиелеуде педагогикалық менеджмент, имандылық тәрбиесіне, білім беру саясатына, педагогикалық шеберлік және педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық технологиялар теориясына айрықша басымдық береді.

Сонымен қатар, Нұрсұлу Сейткерімқызы — 300-ден аса ғылыми еңбектің, со-





ның ішінде 4 монография, ҚР БҒМ гри-
фімен 2 оқулық: «Педагогика» оқулығы
(бакалавриат үшін) және «Жоғары мектеп
педагогикасы», 37 оқу және оқу-әдістемелік
құралдардың авторы. Ғалымның ғы-
лыми жетістіктері педагогика ғылымы мен
тәжірибеде инновациялық идеяларды жү-
зеге асыруда жаңа идеяны іздеуде көрініс
табуда.

Атап айтсақ, Нұрсұлу Сейіткерімқы-
зы Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігінің іргелі жобаларына
қатысып, жетекшілік етті. ҚР МЖМБС,
ҚР БҒМ типтік оқу бағдарламаларының,
сонымен қатар ҚазҰУ элективті пәндер
құрастырушысы болып табылады. Ғалым-
ның ғылымдағы ізденісі барысында алыс-
жақын шетелдерде де ғылыми еңбектері
жарияланды. Сонымен қатар, Скопус,
Томсон базасындағы журналдарда да бір-
неше мақалалары жарияланды. Алыс, жа-
қын шетелдік жоғары оқу орындарында
спикер ретінде баяндамалар жасап, бел-
сенді қатысады. 2025 жылы 13 және 15
қазанда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
Университеттерінің (ШЫҰ) «Педагогика»
саласындағы ұлттық және халықаралық
сарапшылық топтарының «ШЫҰ елдерін-
де педагогикалық білім беруді дамыту» та-
қырыбы бойынша отырысқа қатысты.

Ғалымның ғылыми зерттеулері заман
талабына сай кәсіби қызметте тәжірибелік
міндеттерді жауапкершілікпен шеше біле-
тін, ғылым мен техниканың, мәдениеттің
жетістіктерін дамыта отырып, шығарма-
шылықпен пайдалануға мүмкіндіктер жа-
сайтын ерекше мазмұнға ие жаңа ізденіс-
терге жол ашады. Ғылымдағы ғалымның
ізденістерінің нәтижесі барысында ғалым
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 85 жылдығы,
«ЖОО үздік оқытушысы – 2017» Қазақ-
стан Республикасы Білім және ғылым ми-
нистрлігінің грантының иегері; 2019 жылы
«Ы. Алтынсарин» атындағы төсбелгімен
марапатталды.

Ғалым педагогтың тұлғасы оның жана-
шылдығымен, басқарушылық қабілетімен
де айқындалады.

Жаһандану заманында бәсекеге қабі-
леттілік маман дайындау сапасымен өлше-
нетін болса, осы орайда кафедра басшысы
ретінде де ғалымның еңбегі зор.

Бұл бағытта, Нұрсұлу Сейіткерімқызы
Әлқожаева 2012-2018 әл-Фараби атын-
дағы ҚазҰУ философия және саясаттану
факультеті деканының оқу-әдістемелік
және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбаса-
ры қызметін атқарса, 2019 жылдан қазірге
дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, фило-
софия және саясаттану факультетіндегі
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының меңгерушісі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің Философия және саясат-
тану факультетінде әлемдік білім беру ке-
ңістігіне ықпалдасуда іргелі және қолдан-
балы зерттеулерді жүргізуде білікті басшы
ретінде профессор Н.С. Әлқожаева басқа-
рып отырған 85 жылдық тарихы бар «Пе-
дагогика және білім беру менеджменті»
кафедрасының орны ерекше екенін айтуға
болады. Кафедра заманауи білім беру мен
инновациялық технология жетістіктері
негізінде білім беруде еңбек нарығында сұ-
ранысқа сай маман дайындауда басымдық
танытуда. Кафедраның профессор оқыту-
шылар құрамы жоғары кәсіби әлеуетке ие
әрі жоғары білікті және бәсекеге қабілетті
мамандар дайындауда білім алушылардың
жаңа да жас ұрпағын қалыптастыру жо-
лында аянбай еңбек етіп келеді. Кафедра
өзінің көпжылдық тарихында педагогика-
лық қызметке деген құндылық қатынасын
ешқашан жоғалтқан емес, жоғалтпайды
да.

Ғылым мен білім саласындағы еңбекте-
рін саралай келе, Нұрсұлу Сейіткерімқы-
зының ғылыми ізденіс пен зор жауапкер-
шілікті арқалаған тынымсыз еңбегін ұлт
руханиятының дамуына қосқан зор үлесі
деп бағалаймыз.



Ғылымдағы дара жол: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы



Әлия Мәлікқызы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының ассистент профессоры.

Алматы қаласы

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ортағасырлық ойшыл, энциклопедист-ғалым, Шығыс Ренессансының көрнекті өкілі Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек ету мен үшін зор мәртебе, әрі үлкен жауапкершілік болып табылады.

Бұл университет — ғылыми дәстүрі терең, білім мен ғылымды ұштастырған, Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі, ол менің кәсіби дамуыма және ғылыми әлеуетімді арттыруға мүмкіндік берді.

Әл-Фараби педагогика тарихындағы ұлы тұлға ретінде шығыс елдерінде алғаш рет сындарлы педагогикалық жүйенің негізін қалаған. Оның педагогикалық мұрасы қазіргі заманғы білім беру үдерісінде ерекше маңызды. Ғұламаның педагогикалық идеяларын бірнеше аспектіден қарастыруға болады: педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары; жалпы педагогикалық идеялары, тәрбиенің мазмұны, түрлері мен әдістері; дидактика проблемалары; педагогикалық идеялардың математикалық және жаратылыстану ғылымдарындағы қолданылуы; сондай-ақ оның педагогикалық көзқарастарының кейінгі Шығыс және Батыс педагогикасына әсері мол екені бәрімізге аян.

«Білім — тек ақпарат емес, ол адамгершілікпен ұштасқанда ғана құнды» дегендей, қазіргі білім беру процесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, олардың өзіне сенімділігін арттыру, алған білімін өмірде тиімді қолдана білуге үйрету, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру —

қоғамның басты талабы болып отыр. Яғни, тәрбиелік идеяларын жас ұрпаққа дәріптейтін педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушылар ұжымының еңбегі — маман даярлауда адамгершілік қасиеттермен бірге шәкірттерде гуманистік және патриоттық сезімдердің күшті болуына үлкен мән беріп, қоғамның талабына сай дамып келеді.

Ұлы тұлғалар басқарған кафедраның жұмысын жалғастырып, олардың сенімін ақтауға тырысқан ғалым Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызы — бүгінде заман талабына сай жас буынды тәрбиелеу тұрғысынан педагогикалық ғылым-білімге баулу мақсатында насихаттау құралдарының жасалынуына, қазіргі оқыту мазмұнына оны инновация ретінде ендіру мүмкіндіктеріне, әдістері мен технологиялары бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулерге қол жеткізіп отыр.

Н.С. Әлқожаева басқару құрылымдарын жаңғыртудың заманауи тенденцияларын зерделей отырып, білім беру менеджментінде жаңа ұйымдық құрылым түрлерін қолдану, стратегиялық жоспарлауды білім беру ұйымдарының даму траекториясын айқындайтын және стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз болатын басқарушылық құрал ретінде қарастырады.

Ғалым Н.С. Әлқожаеваны мерейлі жасымен құттықтай отырып, ұлы ғұламалардың ізін дәріптеуші, орындаушы ретінде, өз ғылыми шыңының биігінен көріне беруіңізге тілектеспін.



Тағылым ордасына тағзым



Сараш Сахиқызы ҚОҢЫРБАЕВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының қауымдастырылған профессоры.
Алматы қаласы

Кафедраның тарихы жан-жақты зерделеніп, еңбегі сіңген тұлғалар аталып, өткені мен бүгінге баға беріліп жатыр. Өткенсіз келешек, бүгінсіз болашақ жоқ. Бұл заңдылық. Кафедраның каншама жылдар бойы білім мен тәрбиенің алтын ұясына айналуына жетекші болған, атсалысқан ғалымдар бізге осындай тарихи ортаны аманат етіп қалдырды деуге болады.

Қыздар педагогикалық университетінде 2008 жылы қараша айында кандидаттық диссертациямды қорғау барысында жетекші ұйым етіп профессор Ш. Таубаеваның ұсынысымен осы кафедраны бекіткен еді. Содан бері бұл ғылыми-педагогикалық ортаның менің өмірімде өзіндік орны бар болатын. Кейіннен ғылыми жетекшім, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Клара Жантөреқызы Қожахметова, әріптесі әрі құрбысы – профессор Шәркүл Таубайқызы екеуі бұрын да дәріс бергендіктен болар, осында қызметке бірге келді. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының үнемі ізденіп, өз мамандығын жетілдіруге бағытталған еңбекқорлығын сырттай білуші едік. Әріптестік қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Әсіресе, Клара Жантөреқызы өмірден өткенде ұжымның ынтымағы мен өзара сыйластығына тәнті болдым.

Ойламаған жерден әріптестерімнің бастамасымен, 2020 жылы қыркүйекте осы кафедра ұжымына педагогикалық қызметке шақырылып, жұмысқа кірістім. Пандемия уақыты, онлайн оқыту кезі болатын. Әйтсе де, ұжымның қолдауының арқасында тез тіл табысу мен үйренісу мүмкіндігі болды. Сол үшін әріптестеріме ризашылығым шексіз. Осы уақыт ішінде мен көптеген тәлімгерлер мен әріптестерден тәжірибе жинап, өз білімімді жетілдіріп, кәсіби тұрғыда өстім. Бұл кафедра мен үшін тек білім мен ғылым ортасы ғана емес, сонымен қатар ең үлкен қолдаудың, рухани демеудің ордасы болды. Мұндағы профессор-оқытушылар құрамы өз мамандықтарына деген үлкен жауапкершілікпен қарап, жастарға сапалы білім беру үшін де, ғалымдар даярлау ісінде де аянбай еңбек етуде.

Профессор К.Ж. Қожахметова атындағы «Ұлттық тәрбие» орталығын ашу ұсынысы болғанда қуана келісіп, жан-жақтағы шәкірттерінің қолдауымен 120-аудиторияны қайта рәсімдедік. Бұл атаулы дәрісханада отырып, 16 наурыз күні, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеттерінің ұйымдастыруымен, Қазақ ғылымдар академиясының, Халықара-



лық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың 70 жылдығына арналған «Ұлы дала халқының рухани-адамгершілік жаңғыру және цифрландыру дәуіріндегі жастардың этникалық тәрбиесінің жаһандық және ұлттық трендтері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция өткіздік.

«Ұлттық тәрбие» орталығының аясында кафедра мен факультеттің ғана емес, университет көлемінде ұлттық тәрбие бағыты бойынша біршама іс-шаралар өткізілді. Бұл жөнінде бірнеше республикалық бұқаралық акпарат құралдарында насихатталды. Әрине, кафедраның жоспары арқылы атаулы күндер, тәрбиелік шаралар, апталықтар, онкүндіктер, т.б. шаралар болашақта жалғасын таба бермек.

Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізін салушы ғалым, профессор К.Ж. Қожахметованың идеялары жалғасын тауып, ынталы жобалар мен диссертациялық жұмыстар орындалуда. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі ғалымның шәкірттері ұстаздарының есімін ұмыттырмай, ұлықтай білген әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультетіндегі Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ұжымына және басшысы Н.С. Әлқожаева ханымға ризашылығын үнемі білдіріп жүреді. Әріптестік ұсыныстар мен қолдауларға әрдайым дайын.

Республикадағы ЖОО арасында көш бастап келе жатқан оқу орнының әрбір оқытушыға қоятын талабы басқа оқу орындарымен салыстырғанда оңай емес. Бұл әрдайым ізденіс пен сергек-

тік, сананың ашықтығы мен қоғамдық белсенділікті, жан-жақтылық пен ғылыми жетістікті талап етеді. Демек дамудың жолы үздіксіз ізденістер мен жетілдіруді көздейді. Осы орайда педагогика ғылымының қазіргі қайраткерлері саналып жүрген Ш.Т. Таубаева, А.Қ. Құсайынов, Г.К. Ахметова, А.С. Мағауова, А.А. Булатбаева, А.Б. Мұқашева, т.б. ғалымдардың басшылығымен көптеген зерттеулер мен ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.

Еліміздегі ғылым мен білімге қойылатын жаңа талаптар кафедраның болашағына бұдан да зор сенім артуға негіз болады. Мен әрбір істе ынтымақпен ымырашылдықтың үлгісін көрсетіп жүрген әріптестеріме тілек білдіргім келеді.

Құрметті әріптестер, қадірлі ұстаздар!

Осы уақыт ішінде кафедраның қолдауымен көптеген жаңа идеялар мен бастамаларға қол жеткіздік. Педагогикалық ғылым мен білімнің өркендеуіне қосқан үлесіміздің үлкен екеніне сенімдімін. Бұл – тек өткенімізді бағалау ғана емес, болашаққа деген үлкен үміт. Қазір әрқайсымыздың алдымызда ғылым мен білімнің жаңа талаптарына жауап бере алатын жаңа кезең тұр.

Кафедрамыздың 85 жылдығы – бұл тек жетістіктеріміздің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар келешекте талай жаңа биіктерді бағындыруға деген ұмтылысымызды бекітетін кезең. Бүгінгі таңда біз тек өз ісімізде жоғары деңгейде болуды ғана емес, сонымен бірге жастарға үлгі боларлық ұлы миссияны да атқарудамыз.

Баршанызға зор денсаулық, шығармашылық табыс және келешекте үлкен жетістіктер тілеймін. Біз бірге үлкен жетістіктерге жетеміз деген сенімдемін!



60 жас — даналық пен парасаттың, өмірлік тәжірибе мен кемел ойдың асқақ белесі



Абай Қабақбайұлы ДҮЙСЕНБАЕВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының доценті.
Алматы қаласы

Еліміздің жоғары білім мен ғылым саласына өлшеусіз үлес қосып жүрген беделді ғалымдар саны шынында да саусақпен санарлық. Сол санаулы саңлақтардың қатарынан ойып тұрып орын алатын бірегей тұлға — Нұрсұлу Сейткерімқызы. Ол — отандық педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан, өз ісіне адал, талапшыл, кәсіби жауапкершілігі жоғары әрі заман талабына сай жанашыл бағытта еңбек етіп келе жатқан көрнекті ғалым-ұстаз. Ұстаздық пен ғалымдықты қатар алып жүрген Нұрсұлу Сейткерімқызының болмысы — нағыз зиялы қауым өкіліне тән парасат пен пайымның, терең білім мен биік адамгершіліктің жарқын көрінісі.

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып отырған жасанды интеллект, цифрландыру үдерістері, инновациялық білім беруді дамыту және білім беру жүйесінде жаңа талаптардың енгізілуі заманауи

ұстазға жаңа міндеттер жүктеуде. Алайда жаһандану жағдайында техникалық прогресс пен инновациялық үдерістердің қарқынды дамуына карамастан, ұлттық құндылықтар мен халықтық мұралардың, әсіресе тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің маңызы ешқашан төмендеген емес. Керісінше, бүгінгі жас ұрпақтың имандылық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, олардың рухани кемелденуінде, ұлттық болмысын сақтай отырып, тұлға ретінде жетілуінде бұл құндылықтардың рөлі айрықша арта түсуде. Осы мәселелер Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылыми-зерттеу еңбектерінде де, педагогикалық қызметінде де жүйелі түрде көрініс табады. Ғалым өз бастамаларында білім мен тәрбиені бір-бірінен ажыратпай, оларды біртұтас үдеріс ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, сапалы білім — терең тәрбиеге, ал берік тәрбие — ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарға негізделуі тиіс.



Бұл ұстаным ғалымның ғылыми еңбектері мен ұстаздық тәжірибесінің негізіне айналған.

Қазіргі таңда Нұрсұлу Сейткерімқызының педагогика саласында 300-ге жуық ғылыми еңбегі бар. Атап айтқанда, «Педагогика» оқулығы, «Жоғары мектеп педагогикасы», «Педагогикалық менеджмент», «Иман тәрбиесінің негіздері», «Әлеуметтік педагогика», «Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы» сынды оқу құралдары мен ғылыми еңбектері ұлттық педагогика ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып отыр. Бұл еңбектер жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда, педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда кеңінен қолданылып келеді.

Ғалымның ғылыми зерттеулерінде қазақ қоғамындағы тіл мен діл мәселесі, имандылық тәрбиесі, ұлттық сана мен ел тағдыры сияқты өзекті тақырыптар терең философиялық әрі педагогикалық тұрғыда талданды. Нұрсұлу Сейткерімқызы ұсынған тұжырымды ой-пікірлер мен ғылыми көзқарастар отандық руханияттың дамуына сүбелі үлес қосып қана қоймай, жас ұрпақтың ұлттық рухын көтеруге, ата-баба дәстүрін қадірлеуге, елжандылық пен адамгершілікке тәрбиелеуге берік негіз қалайды.

Әрбір ұстаз – өзінің білімі, білігі, жүріс-тұрысы, жайдары мінезі, тіпті сыртқы келбеті, бет-бейнесімен де шәкіртке үлгі ұлағат иесі. Халқымыздың біртуар перзенті, академик-

жазушы Мұхтар Әуезов: «Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес», – деуі арқылы әр шәкірттің ешкімге ұқсамайтын әрі қайталанбайтын болмысы, тұлғалық ерекшелігі бар екенін есімізге түсіріп, оларды бағалауда бір-бірімен салыстырып, бірін артық, бірін кем санап, оларды бөліп-жарудың адамдық әрі ұстаздық асыл қасиетке жатпайтынын тілге тиек етеді. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі», - деген әйгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев, қай қоғамда болса да, ұстаз мәртебесінің жоғары екенін, осы деңгейге көтерілу үшін әрбір ұстаз саналы ғұмырын сарп етіп, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, төрдегі орынға табандылықпен жететінін тереңнен тұжырымдаған.

Мерейлі жасқа қадам басқан ғалымның өмір жолы мен ғылыми мұрасы – кейінгі буын жас зерттеушілер мен ұстаздар үшін өнеге мен тағылымның жарқын үлгісі. Оның саналы ғұмыры білім мен ғылымға, ұлт болашағына адал қызмет етудің айқын көрінісі болып табылады. Нұрсұлу Сейткерімқызының еңбектері мен ұстанымдары рухани құндылықтарға негізделген, ұлттық болмысты сақтауға бағытталған педагогикалық ойдың мәңгілік маңызын дәлелдей түседі. Осындай биік парасат пен кемел ғылым иесінің ел игілігі жолындағы еңбегі әрдайым жоғары бағаланып, ұлт руханиятының алтын қорынан лайықты орын алатынына күмәніміз жоқ.



Ескірмейтін естеліктер



**Кырмызы Бакыткалиевна ЖУМАБЕКОВА,
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының аға оқытушысы.
Алматы қаласы**

Педагог мамандығының негізгі мақсаты – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру арқылы олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету деп танымыз. Оның қызметі өте кең ауқымды. Бұл қызметке оқыту, тәрбие беру, кеңес беру, білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, ата-аналармен өзара байла-

пен, білікті маман болып, ғылыми бағытты бағындырғым келеді деген жас маманның жүрегіне ұялаған арманға ілесіп, үлкен білім ордасының алғаш есігін ашқан күнім, дәл қазіргі сәттегідей көз алдымда...

Он бес шақты білім алушыларға арналған шағын аудитория. Аудитория «Педагогика және психология мамандығы» бойынша



ныс орнату, білім ордасының мәдениетіне, тәртібіне жауапты болу кіреді. Тіпті білім алушының ақыл-ойын ғана дамытпай, оның эмоциялық және әлеуметтік дамуына да көңіл бөледі. Тұлғаға өз-өзіне сенімділік, жеке мақсаттарды қою және оларды іске асыру қабілеттерін дамытуға көмек көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, педагог және ұстаз дегенде сан қырлы, үлкен жауапкершілікті әрекеттерді, аса терең мағлұматтарды мазмұндауға болады. Педагог болу жолын – ұзақ әрі жан-жақты дайындықты талап ететін процесс деп түсінемін. Әрине, алдымен, педагогикалық, кәсіби білім алу керек. Білім жолын қуып, педагог болсам деген ниет-

ка және психология мамандығы» бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта магистратураға қабылдау үшін, кешенді емтихан тапсыруға арнайы даярланған. Аудиторияға кіруге дайындалып дәлізде жиырма шақты үміткерлер күтіп жүрміз. Бір уақытта басталды деген нұсқаумен, аудиторияға кезекпен кіру басталды. Егер жауап бере алмай қалсам не болады деген қорқыныш та бойды ұялаған. «Кұласаң нардан құла деген бар емес пе?!». Емтихан қабылдаушыларға қарап, бар білерімізді ұмытып қалардай күй кештік. Себебі, сол уақытқа дейін тек оқулықтар мен оқу құралдарының авторы деп қана аты-жөнін оқитын ғалымдар дәл алдымызда отыр.



Одан асқан қуаныш, не қорқыныш жоқ іспетті... Білімі мен сымбаты жарасқан *Исаева Зәуреш Әбдразаққызы* бастаған, зор құрметке лайық *Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызы*, *Булатбаева Айгүл Әбдімажитқызы*, *Копылов Владимир Иванович* сынды білікті ғалымдардан құралған комиссия мүшелері еді. Болашақта иық тіресіп, бір кафедрада бірлесіп жұмыс атқарасың десе, мүлде орындалмас арман деген болар едім.

Бүгінде арман жетелеп келген қарапайым бойжеткен осы ірі тұлғалармен бірлескен, бір кафедраның, бір ұжымның мүшесі. Және сол бір кезде білім алып, қазіргі күнде кәсіби, ғылыми, педагогикалық еңбек жолын алғаш ашқан киелі мекен, менің кәсіби жетілуіме үлкен мүмкіндіктер мен септігін тигізген кафедраның құрылғанына 85 жыл толып отыр. Осындай мерейлі мерекеге ие болған Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының түлегі болып, оқытушылық статуска ие болып жүргеніме де жиырма жылға жуық уақыт болған екен.

Бүгінгі оқытушылық мәртебеге жетуде үлкен ықпал еткен, кафедрамыздың белді ғалым-педагогтары: бала күннен әңгімелері мен тапқартарына қанып өскен Табылдиев Әдібай Табылдыұлына, шебер педагогтың үлгісін сіңірген Баширова Жамал Рахымқызына, ғылыми бағыттағы іскер менеджердің бейнесіне ие Исаева Зәуреш Әбдіразаққызына, ғылым мен әдіснаманың шыңын иеленіп, болашақ ғалымдардың ғылыми өркендеуіне үлес қосып келе жатқан Таубаева Шаркүл Таубайқызына, сапалы білім мен сол білімнің терең мазмұнына өткір шын-

дық сыйлайтын Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлына, білім мен тәрбиені ұштастырып, әр шәкіртіне ерінбей бағыт-бағдар беретін қасиеттерге ие, әдістемелік бағытта теңдессіз ғалым Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызына, болашақ мамандардың жүрегінен өте белсенді, нағыз білім менеджері ретінде ерекше орын ала білген Булатбаева Айгүл Әбдімажитқызына, оқытудағы жаңа мүмкіндіктер мен жаңа технологияларды ұсынатын Мыңбаева Айгерім Қазықызына, білім алушыларға моральдық, психологиялық форматта үлкен қолдау көрсететін Қасен Гүлмира Аманқызына шәкірт ретінде зор ықыласымды білдіремін.

Әр ұстаздың бізге сіңірген әр түрлі сипаттары мәнгілік жүрегімізде сақталмақ. Ғылыми бағытқа бет түзеген нағыз педагог қандай болу керек деген сауалдың әр тетігін үйрете білген ғалым-педагогтарымызбен әріптес бола жүріп, ұстаз бен шәкірт байланысын тең алып келеміз. Әр педагогтың ең үлкен жетістіктерінің бірі – оның тәрбиелеген шәкірті өз орнын тауып, қоғамға пайдалы азамат болып өссе, осы еңбектің бағаланғаны деп білемін. Сонымен қатар, педагогтің кәсібилігі мен адамгершілігі қоғамның болашағы үшін шешуші фактор болып табылады.

Бір ғасырлық тарихы бар университетімен педагогикалық ғылым мен білім беру жүйесінің негіздерін оқытуға, зерттеуге және дамытуға бағытталған кафедраның ілгерілей беруіне, білікті де, білімді ғалым шәкірттерді тәрбиелеп, ғылыми бағыттағы ізбасарлар кафедраның өркендеуіне зор үлес қоса беруіне тілекшімін.

Педагогика ғылымындағы заманауи зерттеулер мен жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу және білім беру процесін жетілдіруді, педагогикалық тәжірибені кәсіби деңгейде дамытуға ықпал етуді алға қойған Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы әлі де жаңа белестерді бағындырып, талай мерейтойларын атап өтері мен мәнгі жасайтынына кәміл сенімдімін.





Ұстаздар мектебі: ғылыми ізденіс пен тәрбие сабақтастығы



**Кенжегул Адиевна
БИЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ
педагогика және білім
беру менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы**

Уақыт — тарихтың таразысы. Ал сол уақыттың бедерінде білім мен ғылымға адал қызмет еткен ұжымдардың орны әрдайым айрықша. Биыл 85 жылдық мерейлі белеске жетіп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы отандық педагогика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан іргелі ғылыми-білім ордаларының бірі болып табылады. Кафедра қызметі кәсіби маман даярлаумен қатар, рухани-адамгершілік құндылықтарды басты бағдар еткен ғылыми-педагогикалық мектеп қалыптастыруымен ерекшеленеді. Кафедраның басты байлығы — оның адами капиталы. Мұнда еңбек етіп жүрген әрбір ғалым мен ұстазды бір-бірімен сабақтасқан ғылыми дәстүрдің жалғастырушысы деуге болады. Ұстаздардың өмірлік тәжірибесі, ғылыми ізденісі мен шәкіртке деген жауапкершілігі кафедраның ішкі рухани тұтастығын айқындайды. Ортақ мақсатқа жұмылған, ынтымағы жарасқан ұжымда еңбек ету — үлкен мәртебе әрі кәсіби жауапкершілік. Кафедрада жүргізіліп

жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып келеді. Scopus базасына енген журналдарда, сондай-ақ халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланған мақалалар кафедраның ғылыми әлеуетін айқындайды. Бұл жетістіктер жүйелі ғылыми бағыт пен профессор-оқытушылар құрамының табанды еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

«Әлеуметтік педагогика және өзіні тану» бағыты бойынша докторантурада білім алу барысында жас зерттеушілерге жоғары білікті, тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы ғылыми жетекшілік пен әдістемелік қолдау көрсетті. Педагогика ғылымында өзіндік орны бар п.ғ.д., профессор Ш.Т. Таубаева, п.ғ.д., проф. Мағауова А.С., п.ғ.к., қауымд. проф. Б.А. Әрінова, п.ғ.к., доцент Қ. Молдасан және басқа да ғалымдардың еңбегі жас кадрлардың кәсіби әрі тұлғалық қалыптасуына елеулі ықпал етті. Аталған ғылыми мектеп өкілдерінің тұжырымдамалық көзқарастары менің зерттеу тақырыбымды таңдауда, оның ғылыми өзектілігін негіздеуде маңызды бағдар болды.

Осы ғылыми мектеп өкілдерінің теориялық көзқарастары мен зерттеу мәдениеті менің ғылым саласына деген тұрақты қызығушылығымның қалыптасуына, ғылыми ізденіске саналы түрде бет бұруыма, сондай-ақ зерттеу тақырыбын таңдап оның ғылыми өзек-



тілігін негіздеуге ықпал етті. Аталған ғылыми орта зерттеушілік ойлау жүйемнің дамуына маңызды бағдар болды.

Педагогика ғылымы — барлық ғылым салаларының тәрбиелік негізін қалыптастыратын іргелі ғылым. Осы тұрғыда білім мен тәрбиенің бірлігін сақтау кафедра қызметінің негізгі ұстанымдарының бірі болып табылады. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген қа-

лес. Осы орайда кафедраның қалыпта-суы мен дамуына үлес қосқан профес-сор-оқытушылар құрамының, аға буын ғалымдар мен жас зерттеушілердің ең-бегін атап өту орынды. Алдағы уақытта да кафедра ғалымдары педагогика ғы-лымының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерделеуді жалғастырып, сапа-лы маман даярлау ісіне және қоғамның рухани-әлеуметтік дамуына қызмет ете беретініне сенім мол.

Кафедраның 85 жылдық мерейтойы



ғидасы оқу үдерісі мен ғылыми ізденіс-тердің идеялық өзегіне айналған.

Осылайша, 85 жылдық тарихы бар кафедра отандық педагогика ғылымы-ның дамуына тұрақты түрде үлес қосып келе жатқан тағылымы мол ғылыми орта ретінде өз миссиясын абыроймен атқарып келеді. Ұрпақ тәрбиесін бас-ты құндылық еткен, ғылым мен адам-гершілікті бір арнада тоғыстырған бұл ұжымның қалыптасуында ұлағатты ұс-таздардың еңбегі айрықша.

Мерейлі кезең — кафедраның өткен тәжірибесін зерделеп, болашақ даму бағдарын айқындайтын маңызды бе-

— оның бай тарихи тәжірибесін сара-лап, болашақ даму бағыттарын айкын-дайтын маңызды кезең. Осы мерейлі мерекеге орай Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының про-фессор-оқытушылар құрамын, ардагер ғалымдарын және жас зерттеушілерін шын жүректен құттықтаймын. Ғылым мен тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қа-растырып, ұлттық педагогика ғылымы-ның дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан ұжымға шығармашылық табыс, ғылыми ізденістерде жаңа жетістіктер және кәсіби қызметтеріне толағай та-быс тілеймін!





Ғылым мен адамгершілікті қатар ұстаған тұлға



**Мейрамкул
Дауренбековна
МУРЗАГУЛОВА,
Әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ
педагогика
және білім беру
менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы – отандық педагогика ғылымының іргетасын қалаған ірі тұлғалардың мектебі. Бұл – ғылымимектептепедагогикалықдәстүрді жалғастырып ұрпақ сабақтастығында бірге қызмет жасаған көрнекті ғалымдарымызға: Ә.Т. Табылдиев, К.Ж. Қожахметова, Е.Б. Дайрабаев, Ш.Т. Таубаева, Ж.Р. Баширова, А.Қ. Құсайынов, Н.С. Әлқожаева, А.Б. Мұқашева, А.А. Булатбаева, Ұ.Б. Төлешова, т.б. жатқызамыз. Ұлы ұстаздарымыз қалыптастырған академиялық ортада талапшылдық пен әділдік, ізденіс пен жауапкершілік қатар жүрді. Ғылымға адалдық пен ұстаздыққа беріктік осы кафедраның ішкі мәдениетіне айналды. Бүгін міне осы ортада кәсіби қызметі қалыптасып, ғылыми бағытын айқындаған тұлғаның бірі – Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының мерей тойы. Ғылыми өмір жолында ұстазы Ж.Р. Башированың тәлім-тәрбиесімен бірге ғылыми ұстанымын бойына сіңірген Нұрсұлу Сейткерімқызы – кафедраның рухани-академиялық бағытын сақтай отырып, бір жағынан – ұстаздық мектебінің дәстүрін құрметтейтін,

екінші жағынан – заманауи көзқарасты қабылдаған парасатты, білімді ғалым.

Менің Нұрсұлу Сейткерімқызымен алғаш таныстығым – 1994 жылдың жазынан басталды. Ол кезең – тағдыр тауқыметін бастан кешірген өмір белесі болатын. Адам жалғыздықтың ортасында қалғанда, сені мүлде танымайтын бейтаныс жанның қайғына үнсіз ортақтасып, жанашырлық танытқанын көргенде, жүрекке әлдебір жылу ұялайтыны сөзсіз. Қоңыр күзге айналған көңіл-күйіңе бір үміт шырағы жағылғандай болады екен. Нұрсұлу Сейткерімқызымен алғашқы жүздесуім дәл сондай сезім сыйлады. Оның айтқан ақылы, байыпты пікірі – сол сәтте тірек болды. Таныстықтан басталған әңгіме біртіндеп сенімге ұласты. Ал бүгінде бір-бірімізге деген сеніміміз – достықтың ең мықты іргетасына айналды.

Ағаштың тіктігін тереңге кеткен тамырынан көреміз. Тамыры әлсіз ағаш желге шыдамайды, ал тамыры мықты ағаш дауылға иілсе де сынбайды. Адамның да тұлғалық болмысы дәл солай – отбасы тәрбиесінен бастау алады. Ата-ананың балаға деген кіршіксіз мейірімі мен махаббаты баланың рухын бекітіп, мінезін қалыптастырады, ішкі тірегін нығайтады. Нұрсұлу Сейткерімқызының өмір жолына үңілгенде, оның ішкі жан әлеміндегі ең берік тірегі – әке сөзі екенін аңғару қиын емес. Әке сенімі оны батылдыққа жетеледі, әке батасы ғылымдағы табандылығына айналды. Бұл – сырт көзге көріне бермейтін, бірақ өмір бойы демеп тұратын рухани қуат. Оның тандаулары мен ұстанымдарының түбінде сол әкелік бағыт-бағдар жатыр. 2024 жылы жарық көрген «Әке тағылымы» кітабы – тек бір естелік емес, перзент жүрегінің үнсіз сағынышы.



Айтылмаған алғыс, жария етілмеген сыр, жүректе сақталған құрмет – осы еңбектің әр парағында сезіледі. Әке туралы ол көп сөйлей бермейді. Бірақ оның әр ісінен, әр шешімінен сол әке тәрбиесінің ізі байқалады.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дейді қазақ. Нұрсұлу Сейткерімқызының адами болмысы қарапайымдылықтан басталып, парасаттылыққа жетелейді. Ол өзін алға шығармайды, бірақ ісі мен сөзі оны өзгелерден даралап тұрады. Жоғары білім, ғылыми дәрежелер – оның тұлғасының бір қыры ғана. Ал негізгі өзегі – адамдық. Қоғамдағы болып жататын бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерден ол ешқашан бейтарап қала алмайды. Бұл – қызметтік міндет емес, жүректің үні. Бала тағдырына байланысты мәселе туындаса, Нұрсұлу Сейткерімқызы оны тек кәсіби тұрғыдан емес, адамдық жауапкершілік ретінде қабылдайды. Оның жанашырлығы табиғи мейірімнен туған қасиет. Адаммен бірге қайғыра білу, бірге қуана білу, қиындықта қол ұшын соза білу – тәрбиеден, жүректен қалыптасатын мінез. Сондықтан да оның болмысында байыпты сөзі мен салмақты ойының артында әрдайым шынайылық тұрады.

«Сенім бар жерде – ұлы достық бар» деген ұстаным Нұрсұлу Сейткерімқызының жай ғана сөзі емес, өмірлік қағидасы екенін мен өз тағдырым арқылы сезіндім. 2007 жылдың желтоқсанында жаңадан салынған үйім өртеніп кетті. Қыстың қақаған суығында екі баламен баспанасыз қалу – сөзбен айтып жеткізу қиын күй. Үміт пен үрей араласқан, сенім мен торығу арпалысқан күндерде рухани күйзелісте ғана емес, материалдық қиындықта да демеу болып, көмек қолын созып, бізді паналатты. Сол кезде мен Нұрсұлу Сейткерімқызынан достықтың шынайы мәнін – адамдықтың, адалдықтың, ішкі пейілдің кеңдігін көре

білдім. Мен үшін оның бұл жақсылығы ешқашан ұмытылмас өмірлік сабақ болды. Нұрсұлу Сейткерімқызының білімі ғана емес, ой тереңдігі, байыптылығымен әр мәселені асықпай талдап, әр қырынан талдайды.

Уақыт өткен сайын адамның жанында нағыз достар қалады, ал достық – айтылатын сөз емес, сезілетін шындық. Мен сол шындықты Нұрсұлу Сейткерімқызы ісінен көрдім. «Тура биде туған жоқ» деген қазақ мақалы Нұрсұлу Сейткерімқызының адами болмысын нақтылай түседі. Шындық кейде біреуге ауыр болса да, «тәтті өтіріктен, ащы шындықты» қасқайып айтудан қашпайтын өр мінезі бар. Ол көптің көңілін табуды мақсат етпейді, істің дұрыстығын басты орынға қояды. Сондықтан да оның сөзі кейде қатқыл естілер, бірақ астарында жеке мүдде емес, ортақ жауапкершілік жатады. Шындықты айту – біреуді жеңу емес, мәселені түзеу екенін ол жақсы түсінеді.

Әділ адамға әркім бірдей ыңғайлы бола бермейді. Бірақ уақыт өте келе дәл сондай адамдарға сенім артады. Себебі олар айтқан сөзінен айнымайды, шешімінен жалтармайды. Нұрсұлу Сейткерімқызы да солардың бірі – турашылдығы үшін кейде түсінілмесе де, дәл сол қасиеті үшін құрметтелетін жан.

Нұрсұлу Сейткерімқызы әріптес ретінде – білімді, ізденісі терең ғалым, ана бейнесінде – мейірімі мол, сабырлы, өмірге сеніммен қарайтын дана жан болса, ал достыққа – адал, сенімді, уәдесіне берік. Оның тұлғасы – бір ғана рөлдің шеңберіне сыймайды. Ол – ғылымдағы табандылық пен өмірдегі нәзіктікті, кеңдігі пен мейірімді, талап пен кешірімді қатар ұстай білген жан.

Сондықтан Нұрсұлу Сейткерімқызы туралы айтқанда, ең алдымен оның атағы емес, адамдығы еске түседі. Ал адам болып қалу – кез келген жетістіктен биік.



Бірлік пен біліктілік тоғысқан орта



**Айым Аликоновна
МАСИМБАЕВА,
эл-Фараби
атындағы ҚазҰУ
педагогика
және білім беру
менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы**

Білім беру – жай ғана маман даярлау емес, ол – өскелең ұрпақтың ой-санасын қалыптастырып, елдің ертеңін дайындау жолындағы жауапты міндет. Осы орайда, бірлігі бекем, кәсіби әлеуеті жоғары ұжымның рөлі ерекше. Себебі мықты ұжым – ұлағатты ұстаздар мен ізденімпаз жастарды біріктіретін рухани кеңістік. Жеке мұғалім – бір шырақ болса, кәсіби ұжым – жарық беретін шам.

Қай салада болмасын, табыстың кілті – ынтымақ пен ортақ мақсатқа жұмылу. Ал білім мен ғылымда бұл қағида екі есе маңызды. Себебі мұнда жеке адамның кәсіби білімі ғана емес, ұжымдық тәжірибе мен бір-бірін толықтыратын рухани байланыс шешуші рөл атқарады.

Бірлігі жарасқан ұжым – жаңа идеялардың, тың бастамалардың ұйытқысы. Мұндай ортада жаңашылдыққа ұмтылу, ғылыми бағытта іздену, өзара қолдау мен тәжірибе алмасу тұрақты түрде жүріп отырады. Әріптестер бірін-бірі шабыттандырып, ортақ мақсат жолында біртұтас жүйе ретінде жұмыс істейді.

Біліктілік – әр маманның кәсіби қабілеті ғана емес, ұжымның интеллектуалдық деңгейі мен шығармашылық әлеуетінің көрсеткіші. Ұжымдағы әр ұстаздың өзіндік көзқарасы, әдістемелік тәсілі, педагогикалық шеберлігі ортақ ортаға серпін береді. Бұл – сапалы білімнің, нәтижелі ғылыми ізденістің негізі.

Сондай-ақ, мұндай ұжым жас мамандарға да үлкен үлгі. Олар тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибелі ұстаздармен иық тірестіре жүріп, кәсіби тұрғыда шындала түседі. Мұндай ортаның тәрбиесі – ешбір оқулықта жазылмаған өмірлік сабақ.

Қазіргі таңда өзім қызмет жасап жүрген эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультетіндегі Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасын бірлігі жарасқан, білімді, білікті ұжым деп айтсам артық болмас. Кафедраның 85 жылдық тарихы бар, университетте өзіндік орны бар кафедра. Сонымен қатар, еңбек нарығында сұранысқа ие ғылыми-педагогикалық кадрлар мен жоғары білікті мамандар даярлауда білім беру мен ғылыми және қоғамдық орталық болып табылады.

1993-1998 жылдары мен білім алған ұстаздарым Е.Б. Дайрабаев, А.Т. Табылдиев, К.Ж. Жолтаевалар да осы кафедрада ұстаздық етіп, қаншама білімді ұрпақты өмір жолына қанаттандырды. Мұндай ұжымда сапалы білім беру, жаңашылдықты енгізу, жас мамандарды жетілдіру – табиғи процесс. Бүгінгі таңда қоғам ұстазға тек білім



беруші ретінде емес, тұлға қалыптастырушы, бағыт-бағдар беруші, тәрбиенің тірегі ретінде қарайды. Ал осы күрделі де жауапты миссияны табысты атқару үшін бір ғана ұстаз емес, бүкіл ұжымның ұстанымы, үйлесімі маңызды. Осындай ұжымды басқарып отырған кафедра меңгерушісі педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Н.С. Әлқожаеваның бастауымен алдымыздағы 2026 жылы педагогика ғылымдарның докторы, профессор А.Т. Табылдиевтың туғанына 100 жыл то-

луына орай үлкен іс-шара да ұйымдастырылуда.

Қорытындылай келе, бірлік пен біліктілік тоғысқан ұжым – кез келген білім ордасының алтын дінгегі. Мұндай орта – тек бүгіннің емес, болашақтың тірегі. Өйткені бір мақсатқа жұмылған, сапалы білім мен ғылымға қызмет ететін ұжым ғана ұлт игілігі үшін нақты нәтиже бере алады. Осындай мықты, білімді, білікті ұжымның бірінде жұмыс істеп жүгеніме мақтан тұтамын.



Иман – жүрек нұры, имандылық – өмірлік ұстаным



Долорес Әбілдәқызы
НУРГАЛИЕВА,
педагогика
ғылымдарының
кандидаты,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ педагогика
және білім беру
менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы

Қазақ халқы «Жүзі жылының – иманы нұрлы» деп бекер айтпаған. Бұл – сыртқы келбеттің емес, ішкі рухани әлемнің көрінісін сипаттайтын терең философиялық тұжырым. Адамның жан дүниесіндегі ізгілік, сабыр, мейірім мен парасат оның жүзінен нұр болып төгіліп, айналасына жылу сыйлайды. Осындай табиғи үйлесімге жету – өмірлік тәжірибе мен рухани кемелдіктің жемісі.

Бүгінгі мерейтой иегері Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының ғылыми

дара жолы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің табалдырығын аттаған сәттен бастау алып, білім алушы кезеңінен кемелденген ғалым деңгейіне дейінгі үздіксіз ізденіс пен табанды еңбектің жарқын үлгісіне айналды. Университет қабырғасында қалыптасқан кәсіби болмысы оны ғылым биіктеріне жетелеп, абыройлы асуларға көтерді. Адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, кісілік белгісі «имандылық» ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалым.

Иман – жүректегі нұр, рухани жарық, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – тұлғаның өмірлік стратегиясы екенін ғылыми негізде дәлелдеп, білім алушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастырудағы маңызын айқындады.

Ізгіліктің қозғалмалы әрі өзгермелі табиғаты адам баласының өзін-өзі жетіл-



діруі мен тәрбиелеудегі жауапкершілігін терендете түседі. Ізгілік — бір қалыпта қатып қалған құндылық емес, уақыт пен қоғам сұранысына сай мазмұны байып, мәні кеңейіп отыратын рухани категория. Сондықтан адам, ең алдымен, білім мен парасатқа сүйеніп, үздіксіз ізденіс пен рухани кемелдену жолында әрекет еткенде ғана ізгіліктің шынайы мәнін аша алады.

Адамзат өркениетінің дамуы да осы үдеріс арқылы жүзеге асады: ғылым мен білімге негізделген саналы ой, жоғары адамгершілік ұстанымдар және имандылық мұраттар жаңа қоғамның басты талаптарын айқындайды. Демек, бүгінгі қоғамдық ойдың өзегі — білімді, парасатты әрі рухани жауапты тұлға қалыптастыру. Мұндай тұлға ғана адамзат армандаған имандылық идеалын жүзеге асырып, ізгілікке негізделген жаңа қоғам құруға үлес қоса алады.

Демек, білім — жеке күшке айнала алатын ізгіліктік белсенділік. Оның құдіретті күшін адамға пайда, игілік әкелер ізгі мақсатқа бағыттай алатын мүмкіндік әркімнің өз қолында. «Жақсы ілімнен жақсы тәжірибе шығады», — демеңші, ғалымның жетекшілігімен қырыққа жуық магистрлік және 1 кандидаттық, 2 PhD докторлық диссертация қорғалды. Ғылыми жолында «ЖОО үздік оқытушысы — 2017», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грантының иегері, «Б. Алтынсарин» атындағы төс белгісімен және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің және ректордың алғыс хаттарымен марапатталды.

Міне, 60 жас — адам ғұмырының кемелдік кезеңі. Психология ғылымында бұл жас «интегративті тұтастық» сатысы ретінде қарастырады, А. Маслоудың теориясы бойынша мұндай шақты өзін-өзі толық жүзеге асыру, ішкі

үйлесімге жету кезеңі деп бағаласа керек.

Әйел адамның 60 жасқа толуы — тек мерейтой ғана емес, тұтас бір дәуірдің қорытындысы десек артық болмас! Бұл — ана ретінде ұрпақ тәрбиелеп, кәсіби салада табандылық танытып, қоғам өміріне белсенді араласқан жылдардың биік белесі. Қазақ дүниетанымында әйел — отбасының ұйытқысы, рухани құндылықтардың сақтаушысы. Осындай ізгіліктің бастауы көбіне ананың тәлімінен бастау алады.

Жүзі жылы, сөзі байсалды, ісі салмақты әйел — әлеуметтік капиталдың маңызды субъектісі. Әйел бойындағы адамгершілік, имандылық, өзін-өзі реттей білу — табысты тұлғаның басты қасиеттері. Ал мұндай сапалар көбіне өмір тәжірибесімен шындалып, рухани тәрбиемен беки түсетіні мәлім.

Жапондық философ *Мотоори Норинага*: «Адамдар «зерделі жүрегіне» ерекше әсер еткен нәрселер туралы басқаларға айтпай тұра алмайды», — дегендей, дана адам сөз және мінез-құлықпен, даналығымен көрсете алады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады деген қағиданы өмірлік ұстанымына айдалдырған ғалым. Ғылыми өмір жолында, табандылық пен адал еңбек, білім мен парасат, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілік үйлесім тапқанын көреміз.

Құрметті Нұрсұлу Сейткерімқызы!

Алпыс жастың асқарына абыроймен жетіп, өмірдің талай белесін парасатпен бағындырғаныңыз — үлкен жетістік. Жинаған тәжірибеніз бен рухани байлығыңыз — кейінгі буынға үлгі. Алдағы уақытта да деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толайым табыс тілейміз. Жүзіңздегі жылулық пен нұр ешқашан сөнбесін, ғұмырыңыз мәнді де мағыналы болсын!



Ізгілік жолымен...



Самал
Амиргалиевна
РАМАЗАНОВА,
педагогика
ғылымдарының
магистрі,
педагогика және білім
беру менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы

Қазіргі білім беру кеңістігінде тұлғаны жан-жақты дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Білім беру жүйесінің басты міндеті — тек кәсіби білікті маман даярлау ғана емес, сонымен қатар рухани бай, әлеуметтік жауапты, ізгілікті азамат қалыптастыру.

Ізгілік — бұл тұлғаның адамгершілік пен психологиялық қасиеттерін үйлестіретін, адамның өмірлік тәжірибесі мен саналы әрекеттері арқылы көрінетін тұлғалық сана. Ол тек жеке қасиет ретінде ғана емес, әлеуметтік ортада адамның қарым-қатынасы, ортаға әсер етуі, қоғамдағы іс-әрекеті арқылы да айқындалады. Ізгіліктің негізгі мәні — болашаққа бағытталу, яғни жеке тұлғаның өз өмірін, өз шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, қоғамға пайда келтіруі. Сонымен қатар, бірге сезіну, бірге әрекеттесу, бірге қатысу сияқты әлеуметтік қабілеттерде де көрінеді. Бұл сапалар жеке тұлғаның ғана емес, оның ортасына тигізетін әсерін де қамтиды, сондықтан ізгіліктің әлеуметтік педагогикалық мақсаты тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталуы маңызды.

Осы тұрғыдан, ғалым Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының еңбектері тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы ізгіліктің мәнін

ғылыми тұрғыдан ашып көрсетеді. Демек, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуге бағытталған оқу-тәрбие үрдісінің жаңа үлгісі тек рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеп, талдау жасауға ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау және тәрбиелеу психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыдан игеруге негізделуі қажет. Яғни, Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының идеясы білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік жауапкершілігін үйлестіріп, оны жан-жақты, болашаққа бағытталған адам ретінде қалыптастыру басты мақсат деп қарастырады.

Ізгілік — тек теориялық ұғым емес, оны практикалық тұрғыдан жүзеге асыру, білім алушылардың өмірлік бағдарын, адамгершілік құндылықтарды меңгеруін, қоғамдағы өз орнын таба білуін қамтамасыз етеді. Ғалымның еңбектері білім алушылардың тұлғасын жан-жақты дамытудың, рухани-имандылық тәрбиенің және интеллектуалды қабілеттерді жетілдірудің ғылыми негіздерін нақтылайды.

Жастарға рухани тәрбиені және сапалы білімді жеткізу — олардың тәндік, жандық және рухани үйлесімділігін қалыптастыруға, өмірді құндылық ретінде қабылдауына, өзін Жаратқанмен және табиғатпен үйлесімді ұстай білуіне, сондай-ақ жердегі тіршіліктің сақталуына өз үлесін түсінуге мүмкіндік береді және адам бойындағы *адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, сабырлылық, ар-ұят* сияқты құндылықтарды орнықтыруға тырысады. Міне, осы қоғамдық нормаларды іске асыруда, 85 жылдық тарихы бар «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы — отандық пе-



дагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан іргелі ғылыми орталықтардың бірі. Әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдастықта іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіп, заманауи білім беру парадигмаларын тәжірибеге енгізіп отырған бұл кафедраның стратегиялық дамуы білікті басшылықпен тығыз байланысты.

Осы орайда, кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының көрнекті өкілі Нұрсұлу Сейткерімқызы Әлқожаеваны мерейлі 60 жасымен құттықтау – ғылыми қауым үшін зор мәртебе. Ғалымның ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі, білім беру менеджменті саласындағы зерттеулері, жоғары мектеп педагогика-

сын жаңғыртуға қосқан үлесі – ұлттық білім беру жүйесінің сапалық дамуына бағытталған жүйелі еңбектің айқын көрінісі.

Қадірлі Нұрсұлу Сейткерімқызы! Сіздің ғылыми мектебіңіз, педагогика ғылымына қосқан теориялық және әдіснамалық үлесіңіз, шәкірт тәрбиелеудегі ұстанымыңыз – отандық білім беру кеңістігінің рухани және зияткерлік капиталының маңызды бөлігі. Сізге мықты денсаулық, ғылыми ізденістеріңізге тын серпін, жаңа жобалар мен халықаралық деңгейдегі табыстар тілейміз. Ғылыми мерейіңіз үстем болып, педагогика ғылымының дамуына қосар үлесіңіз арта берсін!



Заманауи білім беру мен ғылымда дамытудағы ұстанымдар!



Дархан Дәулетжанұлы
БАЙДАЛИЕВ,
педагогика
ғылымдарының
кандидаты,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ
педагогика және білім
беру менеджменті
кафедрасының аға
оқытушысы.
Алматы қаласы

Тарихымызға көз жүгіртсек, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің іргетасы қаланған 90 жылдың ішінде ғалым мен білімге құштар студент атаулының ортақ қара шаңырағына айналды. Осы университеттен білім алып, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан танымал тұлғалардың шоғыры өте көп.

Ұлттық университеттің әр студенттің заман талабына сай тұлғалық ерекшеліктерін дамытып, көшбасшылық қабілеттерін шыңдауына мүдделі болып отырғандығы баршамамызға белгілі. Қасиетті қара шаңыраққа айналған бұл мекен талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп, сыйластық пен шынайы достықтың ордасына айналды. Көп жылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол жоғары оқу орны қазіргі таңда елімізде ЖОО-ның алдыңғы орнында. Халықаралық сараптама қорытындысы бойынша ҚазҰУ ғылыми, технологиялық және инновациялық дамуы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында сөзсіз көшбасшы болып келеді.

Бүгінгі күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көптеген мамандықтардың таңдауын ұсынып, талай шәкірттің қанатын қатайтты. ҚазҰУ әлемнің жетек-



ші университеттерінің халықаралық тәжірибесін негізге алып, шетелдік стандартқа жақын келетін жағдайда қызмет етіп, өз кезегінде халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырып келеді.

Қазақ ұлттық университеті — жаңа білім, озық идеялар мен технологиялар жинақталатын ірі ғылыми-білім беру және инновациялық орталығы, толық білім мен ғылым беру кешені болып табылады. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарының рейтингісіне кіру, инновациялық қызметті жүзеге асыру және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу, заманауи, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптастыру — білім ордасының басты мақсаты.

Университетте әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлауда сан-салалы заманауи, факультеттер мен кафедралар қызмет көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі кезде мемлекет басқару ісіне ойшыл, заманауи білім, білік, іскерлік дағдылары дамыған озық ойлы, саяси белсенді, отаншыл жас-

тарды қалыптастыру мәселесін үнемі назарда ұстап келеді. Осы тұрғыда заманауи білім беру жүйесінде жеке тұлғаға білімді жинақтап беруді емес, өзінің білімін капиталға айналдыру дағдылары мен іскерліктерін дамытуға сүбелі үлес қосып келетін «Философия және саясаттану» факультетіне қарасты 85 жылдық тарихы бар «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының іргелі және қолданбалы зерттеулерде қол жеткізген табыстары ұшан-теңіз. Қазіргі кезде «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының құзыреттілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамынан білім алып, түрлі салаларда табысты еңбек етіп, Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне сүбелі үлес қосып отырған көптеген танымал тұлғалары бар.

Болашақ педагог мамандарды кәсіби шеберлік пен құзыреттілікке баулып, әрбір білім алушының бойына адал азаматқа тән қасиеттерді сіңіру жолында еңбек етіп жүрген кафедраның профессор-оқытушылар құрамының алдағы уақыттары да толағай табыстарға қол жеткізетініне сеніміміз мол.



Ұстаз — өмірлік бағдар беруші тұлға



Маржан Нурланқызы АТЕМ, PhD, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті психология кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент қаласы

Ұстаздықтың үнсіз сабағы — дауыстап айтылмайтын, бірақ өмір бойы ұмытылмайтын тағылым. Ол нұсқаулықта жазылмайды, дәрістің жоспа-

рына кірмейді, алайда шәкірттің кәсіби ұстанымында, адамдық таңдауында анық көрінеді. Мұндай сабақ ұстаздың сөзінен емес, ісінен, талапшылдығынан, әділетті шешімінен, жауапкершілікке адалдығынан беріледі.

Бұл мақалада мен ұстызым Әлқожаева Нұрсұлу Сейіткерімқызының мені тәнті ететін қасиеттерінің бірі басшылық өнерін ашып көрсету мақсатында әлемдік ақыл-ой қазынасының қымбат жауқарының бірі ретінде адамзат баласының игілігіне қызмет етіп отырған





Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала туралы» трактаттар жинағына тоқталғым келеді. Әл-Фараби кез келген мемлекеттің күш-қуаты берік, бірлігі бекем, тірлігі тұзу болуы үшін қажет жағдайдың бірі — биліктің мығым болуы екендігін айтып кеткен болатын.

«Қайырымды қала» туралы еңбекте қала бақытты болудың үлкен кілті — бірінші басшыға байланысты екендігіне баса назар аудартады. Қайырымды қаланың бірінші басшысы — ол қайырымды халықтың, тіпті жер жүзін мекендейтін барша жұрттың басшысы да бола алатындығын айтады. Ол үшін бірінші басшыға тән он екі бірдей қасиет оның бойында жинақталған болуы тиіс.

Ол он екі қасиетті талдағанда, басшының: 1. Он екі мүшесі бүтін, дені сау болуы керек; 2. Ақыл-есі бүтін, айтылған сөзді ұғатын болуы керек; 3. Есте сақтау қабілеті мықты, алғыр да аңғарымпаз болуы керек; 4. Сөзі өткір, тілге шешен болуы керек; 5. Өнер-білімге құштар, оқып үйренуден шаршамайтын, білімпаз болуы керек; 6. Тамақсаулықтан, артық ішіп-жеуден, орынсыз сауыққұмарлықтан аулақ болуы керек; 7. Шыншыл болуы, маңына шыншыл адамдарды жиюы, өтірікшілерден аулақ болуы керек; 8. Рухы биік, ар-намысты биік ұстайтын болуы керек; 9. Пасықтықтан аулақ, игі істерге ынтызар болуы керек; Байлыққа құмарлықтан, ашкөздіктен аулақ болуы керек; 10. Әділетсүйгіш болуы, озбырлар мен әділетсіздерді жақтаудан аулақ, ел-жұртқа қайырымды, мейірімді болуы керек; 11. Бір сөзді, бірақ қыңыр болмауы тиіс, жаман қылықтарға ымырасыз болуы керек; 12. Өзі дұрыс деп тапқан істі жүзеге асыруда шешімшіл, қорқып жасқануды білмейтін батыл да ержүрек болуы керек деп тұжырымдаған болатын.

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше

«қайырымды қала» басшысы болу үшін жоғарыдағы қасиеттерге қоса, билеуші болуға деген бейімділік, дарын тіпті ұмтылыс болуы керек екен. «Қайырымды қаланы әрбір адам билей бермекші емес, өйткені, ел билеу — екі бірдей нәрсеге байланысты: біріншіден, билемек адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалықты әзір екеніне байланысты, екіншіден, билеуші адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек» деп жазған.

«Жиырма беске келгенде, бақыт берді басына, тақты берді астына... Отыз жасқа келгенде, дүниеге кең едің... Елу жасқа келгенде, үш жүздің баласының атының басын бір кезеңге тіредін», — деп Бұқар жырау жырлағанындай, жаратылысынан ел билеуге бейім, жігерлі де жалынды жас жігіт Әбілмансұр майданда көрсеткен ерлігінен соң аз жылда басқарушылық талантымен жарқырай көрініп, елу жасқа келгенде үш жүзге ықпалы жүретін ханға айналғаны белгілі. Мұндай тұлғаларды жай ғана басшы емес, феномен тұлғалар десек болар.

Басшылық туралы бұл талдаудың сыры бар. Ұжым да бір мемлекет сынды. Оның да тұрғындары мен басшысы бар. Оның да саяси шешімдері мен ортақ мақсатқа жетелеуші жоспарлары бар.

Педагогикалық ұжым жай ұжым емес. Жер бетіндегі ең құнды да қасиетті мамандық иелерінің ұжымы, кіл мықты, ғалым-ұстаздардың бірлестігі. Осындай ортада сөзін жүргізіп, батыл шешімдер қабылдау әркімнің үлесіне тие бермейтін іс.

Бүгінгі мақалаға арқау еткелі тұрған кісім жоғары басшылық қасиетке ие тұлға — Әлқожаева Нұрсұлу Сейіткерімқызы. Ол бүгінгі күнге дейін ғылым



мен педагогика саласында елеулі еңбек етіп келе жатқан көрнекті қазақстандық ғалым. Осы жылы (2026) биік белестерге жеткен өмірінің алтыншы онжылдығын жоғары кәсіби деңгейде қарсы алып жатыр.

Нұрсұлу Сейіткерімқызы – өз саласында үлкен тәжірибесі бар педагог, шәкірт тәрбиелеуде, оқу-тәжірибелерін жүйелеуде үлгі болатын жоғары оқу орнының оқытушысы. Оның ғылыми және педагогикалық қызметі Қазақстанның білім беру процессіне, болашақ мамандарды даярлауға айтарлықтай ықпал етті.

Мен үшін ұстаз ұғымы Әлқожаева Нұрсұлу Сейіткерімқызының тұлғасымен тікелей байланысты. Ол – аудиторияда да, басқару кеңістігінде де ұстаздық биіктігін сақтай білген, білім мен парасатты қатар ұстанған жан.

Шынайы ұстаздың бір белгісі – шәкіртін өзінен төмен қоймауы. Керісінше, оның мүмкіндігін көре білуі, сенім артуы. Нұрсұлу Сейіткерімқызы әрдайым шәкірттің ойына құлақ асып, пікіріне құрметпен қарауды басты қағида етті. Бұл – формалды демократия емес, ішкі мәдениеттің көрінісі. Осындай ортада қалыптасқан шәкірт өзіне де, сөзіне де жауапкершілікпен қарай бастайды.

Ұстаздық пен басшылықты қатар алып жүру – кез келген адамға бұйыра бермейтін қабілет. Басшылық көбіне талап қоюмен, қатаңдықпен байланыстырылса, Нұрсұлу Сейіткерімқызы басқаруда да педагогикалық тактіні жоғалтқан емес. Ол үшін ұжым – жай ғана қызметкерлер жиынтығы емес, ортақ мақсат пен құндылықтармен біріккен тірі организм. Сондықтан да оның басқару мәдениетінде қысым емес – сенім, формализм емес – мазмұн басым.

Ұстаздың шынайы еңбегі оның ғылыми атағымен немесе лауазымымен ғана өлшенбейді. Ол – тәрбиелеген шәкірттерінің ойлау деңгейінен, кәсіби ұстанымынан, адамдық келбетінен көрінеді. Уақыт өте келе шәкірт өз ісінде ұстаздың үнін, көзқарасын, талапшыл мейірімін сезінеді. Бұл – ұстаз еңбегінің ең әділ бағасы.

Бүгінгі білім кеңістігінде ақпарат көп, бірақ бағыт беретін тұлғалар аз. Осындай кезеңде Нұрсұлу Сейіткерімқызы секілді ұстаздардың орны ерекше. Олар білім беріп қана қоймайды, адастырмайды, асықтырмайды, бірақ жауапкершілікке жетелейді.

Шәкірт ретінде айтуға тиісті бір ілтипат – Нұрсұлу Сейіткерімқызы тұлға ретінде тек педагогикалық шеберлігімен ғана емес, адамгершілігі, шәкіртке деген жылы қабағымен, әрбір студенттің болашағына деген шынайы қамқорлығымен де есте қалатын тұлға. Ол шәкірттеріне біліммен қатар, моральдық құндылықтар мен рухани тәрбиені де бере білді, бұл әрбір білім алушының жан-жақты дамуына зор әсер етті.

Қорытындылай айтқанда, бағдар беруші ұстаз – тек білім мазмұнын жеткізуші емес, өмірлік таңдау сәтінде шәкіртке бағыт сілтейтін рухани компас. Ол дайын жауап ұсынбайды, бірақ дұрыс сұрақ қоюды үйретеді; шешім қабылдап бермейді, бірақ жауапкершілік алуға жетелейді. Осындай ұстаздың ықпалы уақытпен өлшенбейді – ол шәкірттің кәсіби ұстанымында, адамдық болмысында, келесі буынға берілетін тағылымында жалғасады. Сондықтан бағдар беруші ұстаздың ең үлкен жетістігі – артынан ерген шәкірттің өз жолын нық табуы. Мен де ұстазымның шәкірті ретінде өмірде өз жолымды адаспай табуға ұмтылып келемін.



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Философия және саясаттану факультеті,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасы, п.ғ.к., профессор м.а.
Әлқожаева Нұрсұлу Сейткерімқызының
ғылыми еңбектері**

Нұрсұлу Сейткерімқызына 2010 жылдан бастап ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тағайындалуымен доцент атағы берілді.

Тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие беру саласында белгілі маман, ол «имандылық» ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Педагогикалық менеджмент, имандылық тәрбиесі, білім беру саясаты, педагогикалық шеберлік және педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық технологиялар теориясы және т.б. мәселелерімен айналысады.

Ол ҚР МЖМБС, ҚР БҒМ типтік оқу бағдарламаларының, сонымен қатар ҚазҰУ элективті пәндер құрастырушысы болып табылады.

Оның жетекшілігімен 37 магистрлік және 1 кандидаттық, 2 PhD докторлық диссертация қорғалды. 2008 жылы «Үздік сынып жетекші», 2010 жылы «Үздік әдіскер» республикалық байқауға әділ қазылар мүшесі болып тағайындалды.

«Өзін-өзі тану» бойынша ғылыми жобаларға («Бөбек» Адамның үйлесімді дамуы институты), ҚР БҒМ «XXI ғасырдың әлемдік тәжірибе және ұлттық ерекшеліктер аясында білім беру менеджерлерін көп деңгейлі үздіксіз даярлаудың үлгісін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты психологиялық-педагогикалық ғылым саласында іргелі ҒЗЖ, «Әлемдік педагогикалық ойлар антологиясы» – «Мәдени мұра» жобаларына белсене қатысты. Сонымен қатар төмендегі ғылыми жо-

баларға орындаушы ретінде қатысты (исполнитель проекта):


1. 5150/ГФ4 Психолого-педагогические основы формирования компетенции у современной молодежи по профессиональному самоопределению в условиях глобализации (жет. Мукашева А.Б.)

2. 1139/ГФ Психолого-педагогическая диагностика интеллектуальных способностей молодежи исследовательского университета как фактор развития интеллектуального потенциала Казахстана (жетк. Мынбаева А.К.)

3. 0338/ГФ2 Исследование образовательной политики Казахстана и стран Европы: сравнительный аспект для развития человеческого капитала и формирования интеллектуальной нации (жет. Мынбаева А.К.)

4. ИРН АР08856779 «Система светского образования и просвещения в политике модернизации традиционного казахского общества в 20-30-е годы XX в.»

5. АР 14872130 «Формирование профессионального самоопределения студентов с особыми образовательными потребностями как национальная стратегия в области инклюзивного образования Республики Казахстан» (Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын (ПБД) қалыптастыру) ғылыми жобасы (жет. Мағауова А.С.)



Ол ҚазҰУ Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар сериясының» және Ресейдің «Білім беруді басқару: теориясы мен практикасы» (Управление образованием: теория и практика / Education Management Review <https://emreview.ru/index.php/emr/board>) журналының редакция алқасының мүшесі.

Н.С. Әлқожаева педагогикалық білім саласында сарапшылық қызметті де атқаруда, мысалы 2025 жылдың 21-25 мамыр аралығында «Білім берудегі аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз (Независимое агентство по аккредитации и экспертизе качества образования) «ARQA» агенттігінде Л.Н. Гумилев атындағы атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Үздіксіз білім беру институтын» аккредитациядан өткізу комиссия құрамының жетекшісі болды <https://enu.kz/ru/news/4848>

2025 жылдың 25-26 қараша аралығында «Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы» (САААЕ) Абай атындағы ҚазҰПУ 6В01801 — Әлеуметтік педагогика білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредитациядан өткізуге сарапшы болды.

Ол алыс, жақын шетелдік жоғары оқу орындарында спикер болып, баяндама жасап, белсенді қатысты, айталық 2025 жылғы 13 және 15 қазанда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университеттерінің (ШЫҰ) «Педагогика» саласындағы ұлттық және халықаралық сарапшылық топтарының «ШЫҰ елдерінде педагогикалық білім беруді дамыту» тақырыбы бойынша отырысқа қатысты <https://phil.rudn.ru/ru/media/news/123607/>

2025 жылдың 18-21 қараша аралығында Тұрақты даму мақсаты (ТДМ): №4 Сапалы білім бойынша «Тұрақты даму мақсаттарындағы IV халықаралық ғылыми конференция: ынтымақ-

тастық, ғылым, білім, технологиялар» қатысып, «Білім сапасы: бағалаудың процессуалдық үлгілері» тақырыбында баяндама жасады https://t.me/psy_rudn/1578

Бұл кездесулер тәжірибе алмасу және гуманитарлық білім беруді дамытудың стратегиялық міндеттерін талқылау үшін маңызды алаң болды. 250-ден аса ғылыми еңбектің, соның ішінде 4 монография, ҚР БҒМ грифімен 2 оқулық: «Педагогика» оқулығы (бакалавриат үшін) және «Жоғары мектеп педагогикасы», 37 оқу және оқу әдістемелік құралдардың («Педагогикалық менеджмент», «Педагогика», «Жоғары мектеп үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдану», «Иман — тәрбие негізі», «Әлеуметтік педагогика», «Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы», «Жоғары мектеп студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыру», «Ғылыми педагогикалық зерттеулер негіздері») авторы. Сонымен қатар, Скопус, Томсон базасындағы журналдарда да мақалалары жарияланған.

Ғылыми марапаттары:

- «ЖОО үздік оқытушысы — 2017» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грантының иегері;
- «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (19.12.2024 ж. №2024 4/0000679),
- «Ы. Алтынсарин» атындағы төс белгі (16.05.2019 ж. куәлік №1030);
- «Білім беру саласының үздігі» медалі (29.04.2019 ж. куәлік №В2-400);
- «Кеңес Одағының батыры Халық Қаһарманы Генерал Нұрмағамбетов Сағадат Кожаметович» атындағы мейрейтой медалі (28.08. 2020 ж.);
- «Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы» медалі (01.11. 2024 ж. куәлік №178);
- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — 80 жылдығы» төсбелгісі (11.12.2014 ж. №155).

Нұрсұлу Сейткерімқызы ӘЛҚОЖАЕВА



